



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ БЕДЕЛІН ҚАЙТСЕК КӨТЕРЕМІЗ?



Соңғы жылдары қоғамда әскерге қатысты айтылатын сын жиілеп кетті. Әсіресе сарбаздардың қауіпсіздігі, әлеуметтік жағдайы, кадрлық әділетсіздік, әскери қызметтің беделіне қатысты түйткілдер үнемі ашық айтылып келеді. Мұның бәрі әскери жүйені заманауи талаптарға бейімдеп, қайта құрудың қажеттігін айқын аңғартты.

(Жалғасы 6-бетте)

## БІЛІМ

Қазақстанда ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесін жаңарту мәселесі қарастырылып жатыр. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек те ұлттық бірыңғай тестілеу жүйесін кезең-кезеңімен жаңарту жоспарланып отырғанын мәлімдеді. Министрдің айтуынша талапкерлердің тек пәндік білімін ғана емес, сыни ойлау, коммуникация және цифрлық сауаттылық секілді дағдыларын бағалайтын жаңа формат енгізілуі мүмкін.

## ҰБТ жүйесіне елеулі өзгеріс енгізілмек

Ұлттық бірыңғай тестілеу Қазақстанның білім беру жүйесіндегі ең маңызды емтиханның бірі саналады. Биыл бұл форматтың қолданысқа енгізілгеніне 22 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында тестілеу жүйесі бірнеше мәрте жаңартылды. ҰБТ мектеп бітіру және жоғары оқу орнына түсу емтихандарын бір жүйеге біріктірген маңызды қадам болды.

Бұл бастаманы енгізудегі негізгі мақсаттың бірі – қабылдау процесіндегі жемқорлық тәуекелдерін төмендету, барлық талапкерлер үшін тең мүмкіндік қалыптастыру және ауыл мен қала мектептері түлектерінің білімін бірдей талаппен бағалау еді. ҰБТ енгізілгеннен кейін жоғары оқу орындарына қабылдау тәртібі орталықтандырылып, жүйелі форматқа көшті. Сарапшылардың айтуынша, бұл өзгеріс емтихан өткізу үдерісін біріздендіріп, білім гранттарын бөлудегі ашықтықты арттыруға ықпал етті. Сондай-ақ талапкерлердің білім деңгейін бірыңғай өлшеммен салыстыруға жағдай жасап, ауыл мектептерінің түлектеріне де республика көлемінде өз мүмкіндігін көрсетуге жол ашты. Алғашқы жылдары тестілеу қоғамда үлкен пікірталас туғызды. Бірі оны әділ жүйе деп бағаласа, енді бірі оқушыларды өз ойын еркін айтудан тежейтін, шығармашылық және аналитикалық ойлауға мүмкіндік бермейтін, «тест жаттауға» үйрететін механизмге айналды деп сынады.

2017 жылдан бастап ҰБТ форматы өзгертілді. Тест енді мектеп бітіру емтиханынан бөлініп,

тек жоғары оқу орнына түсу құралы ретінде қалды. Кейінгі жылдары талапкерлерге тестті бірнеше рет тапсыру мүмкіндігі берілді. Мысалы, ақпалы бөлімге түсу үшін қаңтар, наурыз, тамыз айларында ҰБТ тапсыру тәжірибесі енгізілді. Қазіргі формат бойынша талапкерлер 3 міндетті пән, 2 бейіндік пән тапсырады. Тапсырмалар саны – 120, ең жоғары балл – 140.

Соңғы жылдары тестілеу толық цифрландырылды. Талапкерлер тест тапсыратын күнді, уақытты, орталықты өздері таңдай алады. ҰБТ электронды форматқа көшкеннен кейін нәтижені бірден көру, апелляцияны онлайн беру, бейнебақылауды күшейту мүмкіндігі пайда болды. Министрлік мұны ашықтықты арттырудың бір тетігі ретінде бағалады.

20 жылдан астам уақыт осындай нәтиже көрсеткен жүйе енді тағы өзгеріске ұшырағалы отыр. Ведомствоның редакция тілшісіне берген жауабында 2025 жылғы 21 қыркүйекте Нью-Йоркте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ЕТБ басшылығымен кездескені айтылған. «Кездесу нәтижелері бойынша осы компанияның тәжірибесін пайдалана отырып, тестілеу жүйесін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу ұсынылды», – деп хабарлады министрлік. Қазіргі уақытта Ұлттық тестілеу орталығы ЕТБ-пен бірлесіп арнайы жұмыс тобын құрған.

(Жалғасы 4-бетте)

## ФОРУМ

## БАҒБАНЫ МЫҚТЫ БОЛСА, БАЛА БИІККЕ ЖЕТЕДІ

«Бала мүддесі – әділ сот төрелігінің негізі: халықаралық стандарттар және ұлттық сот төрелігі» атты халықаралық дөңгелек үстел аясында балалар суреттерінің көрмесі өтті.



Іс-шараны Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Судьялар одағының филиалы «Халықаралық балаларды қорғау күніне» орай ұйымдастырды. Конкурста Жоғарғы Сот судьяларының, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі қызметкерлерінің балалары мен немерелерінің суреттері қойылған.

Жас суретшілер өздерінің түрлі-түсті суреттерімен ресми іс-шараға ерекше жылулық атмосферасын сыйлады.

Көрмеге белсенді қатысқандары үшін Судьялар одағы филиалының басшысы Гүлнар Мергенованың атынан барлық жас авторлар Құрмет грамоталарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

3-БЕТ



Ғылым мен тәжірибені тоғыстырған тұлға

4-БЕТ



Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды...

8-БЕТ



БАТПЫРАУЫҚ

**МЕЖЕ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНҒЕРУГЕ  
ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНЕДІ**

Мемлекеттік тіл – елдің тәуелсіздігі мен тұтастығының, ұлттық болмысы мен рухани құндылықтарының негізгі нышанының бірі. Сондықтан мемлекеттік тілдің қоғамның барлық саласында, соның ішінде сот жүйесінде кеңінен қолданылуы – уақыт талабы.

Сот – әділдік орнайтын, заң үстемдігі салтанат құратын маңызды мемлекеттік институт. Ал соттағы тіл мәселесі – тек қатынас құралы ғана емес, азаматтардың құқықтарын толық әрі еркін жүзеге асыруға ықпал ететін маңызды фактор. Мемлекеттік тілде жүргізілген сот процесі халыққа түсінікті, ашық әрі қолжетімді болады.

Бүгінде соттарда мемлекеттік тілді дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Көптеген азаматтық, әкімшілік және қылмыстық істер қазіргі кезде тілде қаралауда. Судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне ерекше көңіл бөлініп, құжат айналымын қазақ тілінде жүргізу үлесі артып келеді. Бұл – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жолындағы маңызды қадамның бірі.

Мемлекеттік тілде сот ісін жүргізудің бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, азаматтардың ана тілінде өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді. Екіншіден, сот процесінің ашықтығы мен түсініктілігін қамтамасыз етеді. Үшіншіден, құқықтық мәдениетті қалыптастырып, халықтың сот жүйесіне деген сенімін күшейтеді.

Дегенмен, бұл бағытта шешімін күткен мәселелер де жоқ емес. Кей жағдайда сотқа жүгінушілердің өздері арыздарын орыс тілінде береді немесе тараптардың бірі мемлекеттік тілді толық меңгермегендіктен іс басқа тілде қаралады. Сондықтан мемлекеттік тілді тек заң жүзінде ғана емес, қоғамдық санада да бірінші орынға шығару өзекті.

Мемлекеттік тілдің сот саласындағы қолданысын кеңейту үшін құқықтық терминологияны жетілдіру, кәсіби аударма сапасын арттыру, заңгерлер мен судьялардың тілдік біліктілігін тұрақты түрде дамыту қажет. Сонымен бірге жастар арасында мемлекеттік тілге деген құрметті арттыру кезек күттірмейді.

Қазақ тілі – ұлттың жаны, елдің рухы. Мемлекеттік тілдің сот төрелігінде кеңінен қолданылуы – тәуелсіз Қазақстанның құқықтық мемлекет ретіндегі дамуының айқын көрінісі. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – әр азаматтың ортақ парызы.

**Динара БЕККУЖИНА,**  
**Ақтобе қалалық сотының судьясы**

**БАҒДАР**

Конституция – зайырлы, құқықтық мемлекеттің тірегі. 1995 жылы 30 тамызда қабылданып, отыз жыл бойы тәуелсіз Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасып, дамуына негіз болған Конституция өзіне жүктелген міндетті толық орындап шықты.

**АТА ЗАҢ – АЛТЫН ҚАЗЫҚ**

Осы жылдар ішінде заманауи қағидалар мен талаптардың ықпалымен Бас құжатқа бірнеше рет іргелі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мұндай өзгертулердің жиі орын алуы Ата Заңның ықпалын азайтып, беделіне нұқсан келтірері сөзсіз. Соған орай қоғамда жаңа Конституция қабылдаудың өзектілігі жиі айтылатын. Көпшілік пікіріне құлақ түрген Мемлекет басшысы жауапты органдарға тапсырма беріп, бұл бағытта ізденіс жасауды міндеттеген еді.

Соның нәтижесінде арнайы жұмыс тобы құрылып, Қазақстанның бүгінгі сұранысы мен дамуына лайықты заң дайындау бағытында үлкен ізденістер қолға алынды. Бұл еңбек зая кеткен жоқ. Көп ізденіспен жазылған құжат көпшіліктің көңілінен шықты. Осылайша 2026 жылы 15 наурызда жалпыхалықтық республикалық референдум өткізіліп, онда басым дауыспен жаңа Конституция қабылданды. Азаматтардың барша ұсыныс-пікірі ескерілген бұл құжат 1 шілдеден бастап толықтай қолданысқа еңбек.

Конституцияның басты ерекшелігі – суперпрезиденттік басқару жүйесінен күшті Парламенті бар Президенттік республикаға көшуді, саяси монополияны жоюды және құқық қорғау институттарын жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Бұдан бөлек, адам құқықтарына басымдық беріліп, мемлекеттік аппараттың мүддесінен гөрі азаматтар-

дың өмірі, құқықтары мен бостандығы ең жоғары құндылық деп бағаланған.

Бұл Конституция ең көп талқыланған, халықтан ең көп пікір-ұсыныс түскен заң ретінде тарихта қалары талассыз. Себебі жаңа құжаттың әрбір бабы, әрбір жаңашылдығы мемлекеттік органдар мен жұмыс тобы ұйымдастырылған пікірталас алаңынан бөлек, әлеуметтік желілерде қызу сарапқа салынды. Жобаны ашық талқылауға мүмкіндік берілгендіктен, азаматтар мен әртүрлі ұйымдардан жұмыс тобына 4 мыңнан астам ұсыныс келіп түскен. Олардың басым бөлігі еОtinish платформасы және Конституциялық комиссия арқылы жолданғаны мәлім. Осы көрсеткіштің өзі Қазақстандағы азаматтық қоғам белсенділігінің жыл өткен сайын артып келе жатқанын айғақтайды. Ал азаматтық қоғам – мемлекетті дамытудағы пәрменді күш. Халықтың елдегі саяси ізденістерге белсенді араласуы азаматтық қоғамның ықпалын арттырады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдар жұмысына бақылауды күшейтіп, халық пен билік арасындағы байланыстың нығаюына қызмет етеді.

1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілгені отырған жаңа Конституциядан халықтың күтері көп. Ата Заңдағы өзгерістің бірі Парламенттің екі палаталы жүйесінің жойылып, «Құрылтайдың» құрылуынан көрініс тауып отыр. Енді тікелей партиялық тізіммен сайланатын 145 депутаттан тұратын бір палаталы



**Айгүл ЕЛЕУСІНОВА,**  
**Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы**

орган жұмыс істемек. Сондай-ақ Президент институтының рөлі сақталып, оның бастамашылық құқықтары мен өкілеттіктері кеңейтіледі. Вице-президент лауазымының қайта енгізілуі де іргелі өзгеріс қатарынан. Үкімет тек орындаушы орган емес, саяси шешімдері үшін Құрылтай мен халық алдында есеп беретін құрылымға айналмақ.

Жаңа Конституциядағы сот жүйесі мен азаматтық сотта қорғалу құқығына да айрықша назар аударылған. Өзгерістер сот төрелігінің принциптерін күшейтуге, судьялардың тәуелсіздігін арттыруға және адам құқықтарын қорғауды барынша кеңейтуге бағытталып отыр. Бұл құжатқа сай адвокатураның құқықтық мәртебесі жеке бапшен қорғалады.

Міне, осындай айтулы өзгерістер жаңа Конституцияның халықтық заң екенін, халыққа қызмет ететін құжат екенін көрсетеді.

**БІТІМ**

Ел мүддесіне қызмет еткен, өзінің өміршеңдігін көрсеткен реформалар сот саласында аз емес. Соның арасында медиация институтының шоқтығы биік. Он бес жылдан бері қоғамда үздіксіз қолданылып келе жатқан «Медиация туралы» заң өлге керек екенін толық дәлелдеді.

**МЕДИАЦИЯДА  
ЖЕҢІЛГЕН ТАРАП  
БОЛМАЙДЫ**



Әрине, осыдан 15 жыл бұрын, яғни 2011 жылғы тамызда «Медиация туралы» заң бүгінгідей ең сұранысы жоғары заңнаманың біріне айналады десе көп адам сене қоймайтын еді. Себебі ол тұста азаматтар медиатор көмегіне жүгінбек түгілі, медиация деген сөздің қандай мағына білдіретінін, қандай мақсатты көздейтінін білмеді. Заңның басымдықтарын түсіндіру үлкен ақпараттық жұмыс жүргізуді, медиаторлар легін қалыптастыруды талап етті. Мұндай жаңашылдықты алға сүйреу сот органына жүктелді. Ал соттар «Медиация туралы» заңды тәжірибеде қолданудың нақты механизмін үйретіп қоймай, медиация бұрышын, медиация кабинеттерін ашуда, медиаторлыққа оқытып, кәсіби медиаторлар тобын қалыптастыруда көштің алдында жүрді. Осындай ұйымшылдықпен жүргізілген жанкешті еңбектің нәтижесінде медиация елдегі ең танымал, ал медиаторлар ең

қажетті мамандыққа айналды. Бүгінде кәсіби медиатор болуға ынталы жандар саны жыл санап өсуде. Әрі медиаторлардың араласуымен шешілетін даулар да көбейіп келеді.

Мұның себебі белгілі. Азаматтар медиацияның тиімді екеніне тәжірибе барысында көз жеткізді. Бұл институттың басты артықшылығы – дауларды бейбіт жолмен, талас-тартыссыз, жылдам шешуінде. Келіспеушілікті сотқа жеткізбей, сот барысында ортақ мәмілемен реттеу уақыт жағынан ұтымды, қаржылық жақтан да қалтаға түсетін салмақты азайтуымен құнды. Бүгінгідей уақыттың бағасы артқан заманда азаматтардың сот әуресінен гөрі, медиацияны таңдайтыны сондықтан.

Әрі тиынын теңгеге айналдыруға тырысатын азаматтар сот арқылы құқықтық қорғаудың шығыны көп екенін жақсы біледі. Ал медиацияда керісінше дауды шешу үшін адвокатқа ақша шығындаудың, жолға

қаржы құртудың қажеті жоқ. Тараптар татуласқан жағдайда мемлекеттік баждың қайтарылуы да оң үрдіс. Сондай-ақ соттасу сыйластыққа сызат түсіреді, дауқеспен достасуға көпшіліктің ынта таныта қоймайтыны тағы рас. Қазіргідей бедел мен танымалдық басты орында тұрған уақытта өз кәсібінің өркендеп, жұмысының алға басқанын қалаған азаматтар соттан гөрі, татуласуды тәуір көреді. Тараптардың еркіндігі, құпиялылық та медиацияның негізгі артықшылығы. Сонымен қатар, сотта бір тарап жеңіп, бір тарап жеңілсе, медиацияда екі жақ ортақ келісімге келетіндіктен, жеңілген тарап болмайды.

Азаматтық процессуалдық кодекске арнайы 17-тараудың енгізілуі медиацияның аясын кеңейте түсті. Бұл өзгеріс татуласу рәсімдері, оның ішінде, медиация, сот медиациясы, партисипативтік рәсімнің заңдық тұрғыдан қолданылуына кең жол ашты. Соңғы жылдары партисипативтік әдіспен татуласу деректері де көбейіп келеді. Бұл рәсім кезінде тараптар соттың қатысуынсыз, өз адвокаттарының немесе заңгер-консультанттарының көмегімен тікелей келіссөздер жүргізу арқылы мәмілеге келеді.

Қоғамда медиацияның маңызы артқандықтан, көпшілік қалауымен 5 тамыз – медиация күні ретінде арнайы белгіленген еді. Бүгінде республика бойынша жиырмадан астам медиаторлардың қоғамдық ұйымы бар. Оның ішінде, кәсіби медиаторлар мен қоғамдық медиаторлар жұмыс істейді. Он бес жылдық тарихында медиация талай даудың бейбіт шешіліп, тараптардың өзара татуласуына мүмкіндік берді. Ел игілігіне жараған бұл заң алдағы уақытта да медиаторлар санын арттырып, мемлекетте дауларды бітіммен аяқтау мәдениетін қалыптастыруға қызмет етері күмәнсіз.

**Назым АЛЬПИЕВА,**  
**Бостандық аудандық сотының судьясы**  
**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**

**БЕЗБЕН**

**ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ –  
ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІ**

Құқықтық сауаттылық – кез келген мемлекеттің темірқазығы. Азаматтарымыздың құқықтық сауаты артып, көпшіліктің құқықтық мәдениеті жоғары алаған сайын әділетті қоғамның іргетасы да мықты бола түседі. Біздің еліміз тәуелсіздік алған сәтінен бастап осы бағытта кешенді жұмыстар жүргізіп келеді.



Құқықтық мемлекеттің тірегі – заң, қозғаушысы – мемлекеттік органдар. Ал заңның сауатты дайындалып, құзырлы органдардың талапқа сай жұмыс істеуі азаматтық қоғамның белсенділігіне ғана емес, халықтың өз құқығын жетік білуіне, өз қалауын орындата алуына байланысты. Ол үшін азаматтар құқығы мен міндеттерін терең түсінуі, заңға бағынуы және мемлекеттік институттармен саналы әрекет етуі керек. Халқы заңнан атмайы, тура жолмен жүріп, өзгелердің қызығушылығы мен пікірін сыйлаған қоғамда қауіпсіздік пен даму орын алады. Оны қалыптастыруға әркімнің қосар үлесі бар. Керек десеңіз, күнделікті тәртіпті ұстанудың өзі заңның берік орнауына ықпал етеді. Оның тұғырын бекіту арқылы әрбір адамның бақыты өмір сүруіне қолайлы қоғам қалыптастырамыз.

Қазақстанның өркендеуі, алдыңғы қатарлы мемлекеттер сапынан көрінуі үшін халықтың құқықтық сауаттылығын, тәрбиесін мен сана-сын жетілдіру бағытында кешенді іс-шаралардың қолға алынғаны баршаға аян.

Құқықтық сауатты көтерудің әліппесі Конституция мен заңдарды білуден басталады. Осы ретте өзге құқық қорғау органдарымен бірге сот саласына да жүктелер жауаптылық жоғары. Азаматтардың

құқықтық білімін көтерудегі сот жұмысы негізінен ақпараттық, насихат және түсіндіруге негізделген. Соның ішінде әрбір соттың ақпараттық сайттары мен әлеуметтік желілердегі парақшалары жаңа заңдардағы жаңашылдықтарды таныстырып, сот тәжірибесінен хабардар етуді, заңды қолданудағы ізденістер мен кемшіліктерді көрсетуді мақсат етеді. Ал судьялар мен сот қызметкерлері өз жазбаларында құқықтық құжаттардағы негізгі басымдықтарды таныстырып отырады.

Бұдан бөлек, жария сот отырыстарын ұйымдастыру, ашық сот процесінің хабарлама тарату азаматтардың құқықтық білімін нығайтатын мүмкіндіктің бірі. Мұндай процесстерді бақылау арқылы азаматтар сот жұмысымен танысып, судьялар мен сот мамандарының қызметіне қанығып қоймай, сот залында өзін ұстаудың, ортақ тәртіпке бағынудың, сотқа құрмет танытудың негізін меңгеретін болады. Сондай-ақ процесстер заңдарды тәжірибеде қолданудың үлгісін үйрететін бірегей көмекші құрал іспеттес.

Сот судьялары мен сот әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылатын түрлі жиын, дөңгелек үстел, дәрістер мен семинар сабақтарының да азаматтарға берері мол. Мұндай жиындар жаңа қолда-

нысқа енгізілген заңдардың артықшылығын түсіндіріп, құқықтық құжаттарды қолдануда орын алатын кемшіліктерді бірге талқылап, қателіктерді біріге шешуімен құнды болып табылады.

Судьялар мен сот қызметкерлерінің бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыс істеуі де құқықтық сауатты көтеруде маңызды орын алады. Бүгінде сот саласында еңбек етіп жүрген әріптестеріміздің барлығы заң, құқық саласындағы жаңашылдықтар туралы үнемі жазып, халықтың сауатын көтеруге айрықша үлес қосып жүр.

Міне, осындай жан-жақты түсіндіру, халықты ақпараттандыру жұмысы қолға алынғанда заң ережелері адамды шектеуге емес, қорғауға қызмет етеді.

Заң үстем болмай, әділдік орнамайды. Ол үшін әркім өзінің құқықтары мен міндеттері айшықталған Конституцияны оқып, заңды жетік меңгеруге тиіс. Сол арқылы өзгелерге үлгі болып, ешкім жоқ жердің өзінде заңды берік ұстанғаны абзал. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру бір сәтте жүзеге асатын дүние емес. Бұл үздіксіз, үзіліссіз, әрдайым дамып отыратын қоғамдық құбылыс. Сондықтан құқықтық мәдениетті көтеріп, құқықтық сауатты арттыруға баршамыз бір кісідей үлес қосуға тиіспіз.

**Нұрлыбек ӘКЕЖАН,**  
**Алматы қаласы кылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы**  
**сот отырысының хатшысы**



## ҒЫЛЫМ мен ТӘЖІРИБЕНІ ТОҒЫСТЫРҒАН ТҰЛҒА

Серікбай Нұрғисаев – мемлекеттік басқару ісінде мол тәжірибе жинақтап, ғылым мен қоғамдық қызметті қатар алып жүрген тұлғаның бірі. Оның кәсіби жолы ел дамуының маңызды кезеңдерімен сабақтасып, өңірлік басқару, мемлекеттік қызмет және ғылыми ізденіс бағытындағы еңбегімен ерекшеленеді.

Ұзақ жылдар жауапты мемлекеттік қызметтер атқарған Серікбай Өрікбайұлы басқарушылық тәжірибесін ғылыми ізденіспен ұштастыра білді. Экономикалық қауіпсіздік, өңірлік даму және мемлекеттік басқару мәселелеріне арналған ғылыми еңбектері оның кәсіби тәжірибесінің тереңдігін айқындай түседі. Әсіресе, Қызылорда облысын басқарған кезеңде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына, инфрақұрылымды жаңғыртуға және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар өңір дамуына серпін берді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет саласында әдеп қағидаттарын қалыптастыру, кәсіби жауапкершілікті арттыру және мемлекеттік аппараттың тиімділігін күшейту бағытындағы қызметі де айрықша мәнге ие болды.

Парламент Мәжілісіндегі және саяси құрылымдардағы жұмысы арқылы елдің экономикалық реформалары мен өңірлік саясат мәселелеріне белсенді араласты. Бүгінде ол әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті қабырғасында ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысып, жас зерттеушілер мен бәсекелестік мамандардың кәсіби қалыптасуына үлес қосып келеді. Оның ғылыми және оқытушылық ұстанымы теория мен тәжірибенің сабақтастығына негізделген.

Нұрғисаевтың көпжылдық еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, «Құрмет» орденімен және бірқатар мемлекеттік марапаттармен на-

градталған. Оның өмірлік және кәсіби ұстанымы – адал еңбек, жоғары жауапкершілік және ел мүддесіне қызмет ету қағидаттарына негізделген. Ғылым мен мемлекеттік қызметті қатар алып жүрген тағылымды жолы жас буын үшін кәсібилік пен отансүйгіштіктің жарқын үлгісі болып қала береді.

Өріптесіміздің кәсіби қызметіндегі басты ерекшеліктің бірі – басқарушылық шешімдерді ғылыми негізде қабылдауға ұмтылуы. Ол кісі мемлекеттік басқару жүйесінде тиімділік пен жауапкершілікті арттырудың маңызын үнемі назарда ұстап, заманауи басқару қағидаттарын енгізуге күш салды. Бұл ұстаным оның мемлекеттік қызметтегі және ғылыми ортадағы беделін арттыра түсті.

Серікбай Өрікбайұлы басқарушы ретінде тек экономикалық көрсеткішке ғана емес, адами капиталды дамыту мәселесіне де ерекше көңіл бөлді. Білім беру, жастар саясаты және кәсіби мамандар даярлау бағытындағы бастамаларды қолдап, жас буынның сапалы білім алуына жағдай жасау қажеттігін әрдайым атап өтті. Ғылыми-педагогикалық қызметінде ол теориялық қалыптасуына ықпал етуде.

*Ғылыми-педагогикалық қызметінде ол теориялық, білім мен тәжірибелік дағдының байланысына ерекше мән берді. Оның дәрістері мен ғылыми еңбектері мемлекеттік басқару тәжірибесіндегі нақты мысалдарға негізделіп, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Осы арқылы ол жас мамандардың заманауи талаптарға бейімделуіне және бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етуде.*

Серікбай Өрікбайұлының өмір жолы мен кәсіби қызметі – елге адал қызмет етудің, үздіксіз ізденістің және жоғары кәсібиліктің айқын үлгісі.

Уәлихан АХАТОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің деканы



Уәлихан АХАТОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің деканы

Уәлихан АХАТОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің деканы

Уәлихан АХАТОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінің деканы

Нұрғисаев Серікбай Өрікбайұлы – Қазақстанның белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, экономист, саясаттанушы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, өз өмірін мемлекеттің дамуы, мемлекеттік басқару, экономикалық қауіпсіздікті нығайту мәселелеріне арнаған ғалым.

## КӘСІБИЛІК ПЕН ОТАНСҮЙГІШТІКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Ол 1956 жылы 27 мамырда Алматы облысы, Іле ауданы Жаңа-Арна ауылында дүниеге келген. Ерте жастан бастап білімге деген құштарлығымен, жауапкершілігімен және белсенді өмірлік ұстанымымен ерекшеленді. 1980 жылы Серікбай Өрікбайұлы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, еңбек жо-

рөлі, ұлттық, қаржылық және экономикалық қауіпсіздіктің арақатынасы жатыр. Әсіресе «Депрессияға ұшыраған өңірлердің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі өнеркәсіптік саясат» ғылыми монографиясының маңызы зор. Бұл зерттеу Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын ғылыми талдау негізінде дайындалды.

Автор Қазақстан Республикасының депрессиялық өңірлерінің экономикалық қауіпсіздік проблемаларына кешенді талдау жүргізіп, олардың орнықты даму тетігін әзірледі. Профессор С.Нұрғисаев мәселені еңсеру үшін өңдеу өнеркәсібін дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, өндірісті жаңғырту, инвестициялар тарту, жаңа жұмыс орындарын құру, заманауи технологияларды енгізу және тиімді өңірлік өнеркәсіптік саясатты жүргізу қажет деп санайды.

Ғалым мемлекеттік реформалардың экономикалық дамуына және басқару әсеріне ерекше назар аударды. Ол өзінің ғылыми еңбектері мен баяндамаларында қоғамдық және жеке мүдделер теңгерімін, мемлекеттік органдар арасында өкілеттіктерді тиімді бөлудің және қазіргі экономиканың құқықтық негіздерін нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Оның зерттеулерінде өнеркәсіптік саясатты реттеу, отандық өндірісті қолдау, инновациялар мен технологиялық дамуды ынталандыру мәселелері маңызды орын алады. Ол өнеркәсіптік саясатты елдің экономикалық тәуелсіздігін нығайтудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырды. Профессор С.Нұрғисаевтың ғылыми еңбектері шет елдерде кеңінен танылған.

Соңғы жылдары ғалымның ерекше қызығушылығы экономиканы цифрландыру процесстерімен байланысты болды. Ол өзінің зерттеулерінде цифрлық платформаларды экономикалық реттеуде қолдану мәселелерін көтерді, жасанды интеллекттің экономикалық және мемлекеттік процестерге әсерін қарастырды. Экономика саласындағы жетекші ғалым ретінде Серікбай Өрікбайұлы әрдайым ғылымды практикамен ұштастыруға ұмтылады.

Серікбай Нұрғисаевтың өмір жолы – көпке үлгі. Құрметті профессорды мерейтойымен құттықтап, мықты денсаулық, ғылымда үлкен жетістіктер тілейміз.

А.ИБРАЕВА,  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры,  
заң ғылымдарының докторы

## ПАЙЫМ

Қылмыстың өтеуі – жаза. Жаза заңды, әділ, орынды болғанда қоғамда соттың құралына, мемлекеттің ертеңіне деген сенім қалыптасады. Жаза қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға сот үкімімен қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Қылмыстық құқық бұзушылықтарға тосқауыл қойып, қауіпсіз қоғам қалыптастыру мақсатында қолданылатын жаза кінәлі тұлғаны түзеуге, қайта тәрбиелеуге, жаңа қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың алдын алуға бағытталады.

## ЖАЗАСЫЗДЫҚ ЖАҢА ҚЫЛМЫС ТУДЫРАДЫ

Осындай маңызы болғандықтан, жазаны тағайындау, жаза мөлшерін анықтау, жазаны түрін белгілеу мәселесіне ерекше назар аударылады. Мәселен, 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қылмыстық кодекстің 74-бабына үлкен өзгеріс енгізілді. Яғни, Қылмыстық кодекстің 74-бабы 1-бөліміне сай «Сотталған жүкті әйелдердің жазаны өтеуін сот бір жылға дейін кейінге қалдыруы мүмкін. Жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған сотталған әйелдер мен жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазасын орындауды сот бес жылға дейін, бірақ бала он төрт жасқа толғаннан кейінге қалдырады». Осыдан көріп тұрғанымыздай судья балалы әйелдер мен ұл-қызын жалғыз өзі бағып отырған азаматтардың жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыруға бұрынғыдай құқылы емес, міндетті.

Әрине, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс, террористік, экстремистік, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғанға мұндай жеңілдік қолданылмайды. Ал жоғарыдағыдай заңдық өзгерістің орын алуына өмірлік жағдайлардың әсер еткені анық. Бұл отбасылық құндылықты сақтау, ана мен балаға қамқорлықты нығайту мақсатын көздеген іргелі жаңғырту екені сөзсіз.

Өйткені баланы ата-анасынан айырудың салдары ауыр. Расында да ата-анасының қателігі үшін балалар зардап шекпеуі керек. Ата-ана жылуын сезінбей, жақындығын тәрбиесін көрмей өскен баланың өмірі де, мінез-құлқы да, мақсаты да түбегейлі өзгереді. Осы тұрғыдан алғанда бұл бапты ана мен оның балаларының құқығын қорғаудың кепілі десек орынды болар еді. Алайда заңдағы өзгерістің теріс әсері барын

да айта кеткеніміз жөн. Себебі жазасыздық кейде жаңа қылмыстар туындатып жатады. Дәл осы Қылмыстық кодекстің 74-бабын қолданғанда оған анық көз жеткізуге болады. Мысалы, алаяқтық үшін жауаптылыққа тартылып, балалары 14 жасқа толғанға дейін жазасын өтеу мерзімі кейінге қалдырылған кейбір азаматтардың дәл осы аралықта қайта қылмыс жасап, назарға ілінбесіне кепілдік жоқ. Заңдағы бұл жеңілдікті тиімді пайдаланған кейбір құқық бұзушылардың баласы 14 жасқа толғанша бірнеше рет заң шеңберінен шығып, жазасыз қалуы әбден мүмкін. Өйткені заң оған осындай жеңілдік беріп отыр.

Мұндай өзгерістің соңы қылмыстың қайталануына, жас баласын қалқан етіп қылмысты бірнеше рет жасайтындардың көбеюіне алып келмес үшін Қылмыстық кодекстің 74-бабына ревизия жасап, қылмысты қайталағандарға жаза тағайындауда таңдауды судьяның құзыретіне қалдырған дұрыс.

Жалпы алғанда, күні кеше істі болған жанның бүгін тағы біреулерді алдағанымен қоймай, алшаң басып бостандықта жүруі жұртшылықты ашуландыратыны заңдылық. Мұның соңы судьяға деген сенімсіздікті, сот жүйесіне деген ренішті тудырады. Өйткені қарапайым халық заңдағы өзгерістерді күнделікті қарап, сот тәжірибесінде қолданылуына тұрақты анализ жасап отырмайды. Мұндай түсінбеушілік пен сотқа деген теріс көзқарастың алдын алу үшін судьялар заңдағы жаңашылдықтарды халыққа жан-жақты түсіндіру, артықшылығы мен салдарынан хабардар ету бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде.

А.ИМАНҚҰЛОВ,  
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

## ПӘРМЕН

## АЛИМЕНТТІ УАҚЫТЫЛЫ ӨНДІРУ ӨЗЕКТІ



Арман ШАХМАНОВ,  
Іле ауданының жеке сот  
орындаушысы

Елімізде ажырасу көрсеткіші азаймай келеді. Мәселен, 2025 жылы Қазақстанда 115,9 мың неке тіркелсе, ал ажырасу дерегі 45,7 мыңды құраған. Яғни, тіркелген екі некенің біреуі ажырасумен аяқталуда. Некенің бұзылуы ерлі-зайыптылардың жеке мәселесі деп қарауға болмайды. Өйткені мұның артында үлкен түйткілдің жатқаны анық. Айталық ажырасудың салдары еліміздегі отбасылық құндылықты әлсіретіп, толық емес жанұялардың көбеюіне, балалардың психологиялық қиындықпен бетпе-бет келуіне түрткі болып отыр. Сонымен қатар бұл алимент өндіруге байланысты мәселені де айтарлықтай қиындатқаны рас.

Әділет министрлігінің дерегіне сүйенсек 2025 жылы жеке сот

орындаушыларының өндірісінде алименттік міндеттемелерге қатысты 317,9 мың іс болған. 2020 жылы алимент өндіруге байланысты – 264 іс қаралса, 2021 жылы – 284, 2022 жылы – 304, 2023 жылы – 326, 2024 жылы – 343 мың іс түскенін ескерсек, біздің елімізде әлі күнге дейін бала алдындағы борышты орындау жауаптылығының қалыптаспағанына көзіміз жете түседі. Тек 2025 жылғы шілдедегі жағдай бойынша еліміздегі алимент берешегінің көлемі 18,5 миллиард теңгеге жеткен. Биылғы жағдай да жақсарып кеткен жоқ. Осының өзі жеке сот орындаушылардың жүктемесін көбейтіп, алимент өндіруге жұмысын қиындатуда. Біздің елімізде ажырасқан тараптардың арадағы таулылықты сақтап, алиментке байланысты қаржы көлемін келісе отырып бекітуі өте сирек кездеседі. Тіпті сот шешімімен белгіленген алиментті де өз еркімен төлейтіндер қатары көп емес. Көпшілігі жұмыссыз қалғанын, табысының аздығын, екінші отбасының барын, денсаулығының нашарлығын сылтауратып алиментті үнемі кешіктіреді, немесе төлеуден қашады.

Көп жағдайда ата-ананың бірі алиментті аз төлеу үшін ресми түрде ең төменгі жалақыны ғана көрсетеді. Нақты табысы көлемде қалып, балаға мардымсыз қаражат тиеді. Мұндай жағдайда сот алименттің тұрақты мөлшерін бекіте алады.

Алимент бойынша сот ак-

тілерін дер кезінде орындау жеке сот орындаушылардың негізгі міндеті. Себебі, алимент толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың күнкөріс көзі. Бұл қаржы балалардың күнделікті қажеттілігін өтеуге жетпегенімен, қандай да бір қаржылық көмек болары түсінікті. Ал осы қаржының уақытылы төленбеуі балалардың дамуына, қалауын орындауына кедергі келтіреді. Сондықтан атқарушылық құжат өндіріске түскеннен кейін әрбір жеке сот орындаушы борышкермен тілдесіп, алименттік жауаптылыққа байланысты түсіндіру жұмысын жүргізеді.

Егер мұндай ескертуден нәтиже шықпаған жағдайда борышкерлердің банк шоттарына және мүлкіне тыйым салынады, сонымен бірге шетелге шығуына уақытша шектеу қою секілді шаралар қолданылады. Бұдан бөлек берешегі қордаланған борышкерлер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сай айыппұл арқалап немесе әкімшілік қамқару алуы мүмкін. Сондай-ақ өндіріп алушы 3 айдан астам уақыт алимент алмаған жағдайда Қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша борышкерді қылмыстық жазаға тартуға жеке шағым бере алады. Алимент төлеуден 3 айдан астам уақыт жалтарғандар екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеліп немесе екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Тек бұл бап бойынша қылмыстық іс өндіріп алушының жеке айыптау шағымның негізінде қозғалады.

Міне, осындай пәрменді шаралардың арқасында еліміздегі алимент берешектері мейлінше тез, сапалы орындалады.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

**ТАҒЫМ**

# ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ...

Өткенге ақиқат тұрғысынан шынайы баға беріп, еліміздің, мемлекетіміздің әлемдік картадан өшпей, өркеніеттің XXI ғасырдағы көшіне ілігіп, даму жолында келе жатқанына, халқымыздың сандаған мыңжылдықтар бойында келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін қабылдаған кемел де тарихи шешімдері, ұлт тағдыры үшін қиын да шешуші кезеңдердегі жанқиярлық, көзсіз ерліктері негіз болғаны аян.

Біздің жыл санауымызға дейінгі кезеңге тереңдемей-ақ, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», кезеңінде ұлтымыздың үштен екісін жалмаған ашаршылық нәубетінен, XX ғасырдың әлі күнге дейін теңдесі жоқ сұрапыл соғыс тажалының өлім құшағынан да аман, жеңімпаз болып шығып, бейбітшілік пен жасампаздыққа жол ашқан ата-бабаларға салауат айтып, оларды мәңгі жадымызда сақтап, құрмет етіп, мақтан тұту бүгінгілердің перзенттік парызы хәм борышы. Себебі, қазақ халқының десі басым, тұғыры биік болғанына мыңдаған жылғы әлемдік тарих және бүгінгі күнгі өмірдің өзі куә.

Шығыста Алтайдан – батыста Каспийге, оңтүстікте Алаудан – солтүстікте Арқаға дейінгі ұлан-байтақ жерді «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қорғап, тәуелсіздік үшін жанын қиып, бүгінгі ұрпағына мұра, аманат етіп қалдырған ата-баба ерлігі неткен ерлік, рухы неткен рух десенізіші! Кеше ғана халқымыз Ұлы мереке – адамзат тарихындағы алапат екінші Дүниежүзілік Ұлы Отан соғысындағы ака-ата, апа-әжелердің жанкешті, риясыз ерліктері арқасында қол жеткен ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 81 жылдығын атап өтті. Осы майдандағы жеңіс – өткеніміздің өрелі, тұғырлы, келешегіміздің жарқын, тәуелсіз, ғұмырлы болуына берілген кепілдік іспетті екенін баршаңыз жан-дүниемізбен сезініп, түйсініп,



ерекше құрметпен жадымызда сақтағанымыз ләзім.

Фашизмнен Отанды қорғауға өзгелермен қатар Түркістан облысының (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) сот жүйесі судьялары да аттанып, Ұлы Жеңіске өздерінің сүбелі үлестерін қосты. Бүгінде дүниеден озған сол судья-ардагер аталардың ерлігінің алдында бас иіп, олардың

есімін ұлықтап өту үлкен мәртебе. Олар:

**Нығмет ТӨЛЕНДИЕВ** – 1941 жылы өз еркімен майданға аттанып, Мәскеуді қорғауға қатысқан, Батыс майданда жаумен айкасқан. Екі рет ауыр жараланған. Жанқиярлық ерлігі үшін екі рет медальмен наградталған. Майданнан оралған соң



Гурьев облыстық, Оңтүстік Қазақстан өлкелік, Шымкент облыстық соттарының төрағасы қызметтерін абыроймен атқарған.

**Бөкіш КӨШЕРОВ** – Ұлы Отан соғысында 86-гвардиялық дивизияның құрамында автоматшылар ротасының командирі болған. Берлинді алуға қатысқан, ол басқарған рота

шайқаса отырып, Рейхстагтың он шетінде 800 метрдей қашықтықта өтіп, жау ордасын талқандауға үлкен үлес қосқан. «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған, өзі осы награданы басқалардан қымбат тұтқан.

Бейбіт өмірде Жамбыл облыстық сотының мүшесі, Байқоңыр арнайы сотының судьясы, ұзақ жылдар Шымкент қалалық, Өл-Фараби аудандық соттарының төрағасы болып қызмет атқарған. Еңбегі жоғары бағаланып, «Ленин» орденімен, «Республиканың еңбек сіңірген заңгері» атағымен марапатталған.

**Изатұлла БАТЫРШАЕВ** майданға 1942 жылы аттанған. 1942–1945 жылдары I Украина майданының, 250 атқыштар дивизиясының, 1035 атқыштар полкының, I «Қызыл тулы» ар-



найы байланыс взводының командирі болып қызмет еткен. Майдандағы жанқиярлық ерлігі үшін «Қызыл Ту», I дәрежелі «Отан соғысы» ордендері, «Германияны жеңгені үшін» және т.б. медальдармен марапатталған.

1958 жылдың наурызында Шымкент облыстық сотының мүшесі болып, 1967 жылдың

сәуір айынан бастап облыстық сот төрағасының азаматтық істер бойынша орынбасары лауазымын зейнетке шыққанға дейін атқарған.

**Әбдіразақ ЕСКЕНДІРОВ** Отан үшін шайқаста 168-дивизияның, 527-атқыштар полкінің пулеметшілер бөлімінің командирі болған. Майданда екі рет ауыр жараланған. Жанқиярлық ерлігі үшін III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған. Соғыстан кейін Киров, Түлкібас ауданы халық сотының судьясы, Алғабас аудандық халық сотының төрағасы қызметін атқарған.

**Тауасар МАНЕКЕЕВ** әскери дайындықты атакты Гвардиялық Панфилов дивизиясында өткерген. Сонан соң алдыңғы шепте Калинин облысында, Ржев түбіндегі кескілескен шай-



қасқа қатысқан. Шайқас кезінде жанында жарылған снаряд жарқыншағы тиіп жараланған.

Арыс халық сотының судьясы, Шардара аудандық халық сотының төрағасы қызметтерін атқарған.

**Айтжан БЕКНАЗАРОВ** 1941 жылдың желтоқсанында әскерге шақырылған. Майданда байланысшы, барлаушы болған.

Сталинград шайқасына, Днепрден өтуге, Венгрия, Австрияны азат етуге қатысқан. Ерлігі үшін II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін» және «Германияны жеңгені үшін» медалдарымен марапатталған.

Бейбіт өмірде Мақтаарал халық сотының төрағасы қызметін абыроймен атқарған.

**Мүслім НҮСЕНОВ** 1941 жылдың қарашасында әскерге шақырылған. Керьч үшін кескілескен шайқаста аса ауыр жаракат алып, ерлікке толы әскери жолын аяқтаған. Елге оралған соң судья қызметін атқарып, Сарыағаш халық сотының төрағасы болған.

**Ахмет ТАЖЕНОВ** отты шайқастарға қатысып, ел үшін жасаған ерлігі бағаланып «Ұлы Отан соғысындағы қажырлы ең-



бегі үшін» медалімен марапатталған. Соғыстан соң Ордабасы халық сотының төрағасы болып қызмет еткен.

**Едіге ҚҰЛМҰРЗИН** Ұлы Жеңісті жақындатуға өз үлесін қосып, он жеті жасынан металлургиялық зауытты құрып балқытушының көмекшісі болған. Кейіннен Шымкент облыстық сотының судьясы лауазымында абыройлы қызмет еткен.

*Адамзат тарихындағы ең зұлмат, қатыгез соғыстан жеңімпаз шығып, өздерінің Отан, әлемдік өркеніет алдындағы азаматтық борышы адал атқарған судья-ардагерлердің ұлы ерлігі үшін басымды иіп, мың тағзым етеміз. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды...*

**Ә.ТҮРҒЫМБЕКОВ,** Түркістан облыстық соты ұйымдастыру-талдау бөлімінің басшысы

**БІЛІМ**

## ҰБТ жүйесіне елеулі өзгеріс енгізілмек

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның аясында Admissions Insight Test (AIT) деп аталатын жаңа тест форматын әзірлеу жоспарланып отыр.

AIT модульдік форматта болады және екі негізгі блокпен тұрады. Бірінші блок – жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын бағалауға бағытталған пәндік модульдер қарастырылады. Ал екінші блок – XXI ғасыр дағдыларын – сыни ойлау, коммуникация, цифрлық сауаттылық, жобалық ойлау және басқа да негізгі құзыреттерді бағалауға арналған инновациялық құралдарды қамтиды, – делінген жауапта. Осылайша, болашақта тест жүйесінде тек жатталған білім емес, талапкердің аналитикалық ойлау қабілеті мен функционалдық сауаттылығы да бағалануы мүмкін. Министрлік 2026 жылы тестілеу форматына өзгеріс енгізілмейтінін нақтылады. Ал реформаны енгізу бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылмақ.

«2027 жылы тесттің шағын үлгісі әзірленіп, сынақтан өткізіледі. 2028 жылы жаңа формат шетелдік университет филиалдарына түсушілер үшін пилоттық режимде қолданылуы мүмкін. 2029 жылы қолданыстағы ҰБТ орнына жаңа жүйені толыққанды енгізу мәселесі қаралады», – деп мәлімдеді ведомство. Сондай-ақ министрлік барлық өзгерістер ғылыми тұрғыда зерттеліп, отандық және шетелдік сарапшылармен жан-жақты талқыланатынын, білімді бағалау жүйесіндегі өзгерістер мен күтілетін нәтижелер бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілетінін атап өтті.

Қазіргі кезде елімізде негізгі ҰБТ басталды. Сонымен қатар, келесі жылдан бастап педагогикалық мамандықтарға оқуға түсу кезінде талапкерлердің тек ҰБТ нәтижесі ғана емес, ауызша емтихан көрсеткіштері де ескерілмек. Жаңа талапқа сәйкес, үміткерлердің педагогикалық қызметке дайындығы, кәсіби бейімділігі мен коммуникациялық қабілеттеріне ерекше назар аударылады. Сондай-ақ ҰБТ-ны бір реттік форматқа көшіру мәселесі ұсынылып отыр. Бұл бастама грант конкурсына қатысушыларды барынша әділ әрі объективті бағалауға мүмкіндік береді деп күтіледі. Дегенмен, талапкерлердің білім деңгейін алдын ала тексеру үшін сынақ тестілеу жүйесі сақталады.

Бұдан бөлек, жоғары оқу орындарына Foundation бағдарламалары арқылы шартты түрде қабылдау тәжірибесін тоқтату жоспарланып отыр. Мамандардың айтуынша, мұндай жүйеммен қабылданған студенттердің сәуір бөлігі кейін қажетті өту баалы жинай алады.

Министрліктің мәлімдеуінше ұсынылып отырған өзгерістер жоғары білім сапасын арттыруға, талапкерлерді іріктеу жүйесін жетілдіруге және елдің ұзақ мерзімді дамуына негіз қалыптастыруға бағытталған.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**  
«Заң газеті»

**ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ**

2026 жылы 15 наурызда өткен республикалық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Негізгі заң елдің саяси жаңғыруының маңызды кезеңіне айналып, мемлекеттік басқарудың жаңа тәсілдерін, демократияны дамытуды және ұлттық бірлікті нығайтуды бекітті.

## БІР ПАЛАТАЛЫ ЖҮЙЕГЕ КӨШУ ЗАҢ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

Жаңа Конституция мемлекет пен қоғам дамуының қазіргі кезеңін айқындайды. Оның негізінде Әділетті Қазақстан құндылықтары нақты бекітілген, онда адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық болып танылады.

Негізгі заңда қоғамдық сұраныс, заманауи талаптар мен елдің стратегиялық міндеттері ескеріле отырып, тұжырымдамалық тұрғыда қайта қаралды. Жаңашылдықтың бірі ретінде заң шығарушы билік құрылымы өзгертілді. Бұрынғы Сенат пен Мәжілістен тұратын екі палаталы Парламенттің орнына Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы – Құрылтай құрылмақ. Бір палаталы жүйеге көшу заң шығару қызметінің тиімділігін арттыруға және шешімдерді жедел қабылдауға бағытталған.

Жаңа Конституцияға сай Қазақстан халық кеңесі – Қазақстан халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган құрылды. Кеңестің құрылу тәртібі, құрамы, өкілеттіктері мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңмен айқындалады.

Қазақстан Халық Кеңесінің негізгі функцияларына мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу, қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бір-

лік пен ынтымақтастықты нығайту, Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі қағидаттары мен жалпыұлттық құндылықтарын ілгерілету, Құрылтайға заң жобаларын енгізу және конституциялық заңда көзделген өзге де өкілеттіктер жатады.

Қазақстан Республикасының Вице-президенті лауазымының енгізілуі мемлекеттік басқару процесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Конституцияда адам құқықтарын қорғауға ерекше назар аударылған. Конституциялық денгейде «Миранда қағидасы» бекітілді, оған сәйкес, әрбір ұсталған адам бостандығын шектеудің негізі мен өз құқығы туралы хабардар етілуге құқылы. Сонымен қатар, ұсталған адам адвокаттың көмегін пайдалануға құқылы. Бұл норма әділ сот төрелігінің кепілдіктерін және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды күшейтеді.

Қазақстан Республикасында неке ер мен әйелдің ерікті және тең құқықты одағы болып табылатын туралы ереже бекітілді. Бұл норма дәстүрлі отбасылық құндылықтарды, ана мен әкені, сондай-ақ, баланы қорғауға бағытталған.

Жаңа Конституция заңдылық, ашықтық және мемлекеттік орган-

дардың жауапкершілігі қағидаттарын күшейтеді. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар тек Конституция мен заң аясында әрекет етуге міндетті. Негізгі заң демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мем-



**Раушан ДОСАНОВА,**  
Ақмола облысы  
Әділет департаментінің басшысы

лекетті одан әрі дамытуға құқықтық негіз қалайды. Осыған байланысты, 2026 жылы 15 наурызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауы маңызды тарихи оқиға болып, ел дамуының жаңа кезеңін айқындады.

Болашақта жаңа Конституция адам, заң және халық бірлігі басты құндылық болып саналатын Әділетті Қазақстанды құрудың берік құқықтық негізіне айналды талассыз.

КНЕ

## ТІЛ – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тіл – өткен мен болашақты жалғастырушы алтын көпір. Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру ана тіліндегі ертегілерден, жырлардан басталады.



**Ильяс КӘКІМ,**  
Көкшетау қаласы  
мамандандырылған тергеу  
сотының төрағасы

Қазіргі жаһандану заманында тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру өте маңызды. Бұл тек әдебиет пен өнерде ғана емес, сонымен қатар заң шығару, сот ісін жүргізу мен зама-

науи технологиялар саласында да көрініс табуы тиіс.

Бүгінде тілдің өміршеңдігі оның цифрлық әлемге бейімделуімен де өлшенеді. Қазақ тіліндегі контентті көбейту, тілді оқытудың инновациялық әдістерін енгізу және жасанды интеллект жүйесінде тілдік алгоритмдерді дамыту – болашақтың еншісінде. Бұл тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, заманауи білім мен ғылымның тіліне айналуына жол ашады.

Тіл – біздің байлығымыз, мақтанышымыз және болашағымыз. Ана тілінің қадірін білу, оны құрметтеу – өз Отаныңды сүйемен тең. Тілді қастерлеу арқылы біз ұлттық болмысымызды сақтап, әлемдік өркениеттен өз орнымызды айқындай аламыз. Әрбір сөз – тарих, әрбір сөйлем – ұлттық мұра. Сондықтан тіліміздің мәртебесін биіктету жолында еңбек ету – ортақ іс.

## АЛТЫН КӨШІР

Румынияның Крайова қаласында 21-31 мамыр күндері Марин Сореску атындағы ұлттық театрдың ұйымдастыруымен «The Craiova International Shakespeare Festival» өтеді. Екі жылда бір рет болатын бұл фестивальдің тақырыбы – «Will matters». Бұл тіркесті тек «Уильям Шекспир маңызды» деп қана емес, сонымен қатар «Адам рухы, ерік-жігері мен еркіндігі маңызды» деп те түсінуге болады.

## АЛМАТЫ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ ШЕКСПИР ФЕСТИВАЛІНДЕ



Фестиваль әлем әдебиетін «Гамлет», «Макбет», «Король Лир», «Отелло», «Ромео мен Джульетта» және басқа да көптеген әйгілі туындыларымен байытқан ағылшын драматургі Уильям Шекспирдің шығармашылығын насихаттауға бағытталған. Алматы қаласының Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры 1994 жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан бұл фестивальға қатысатын алғашқы қазақстандық театр болмақ. Онда Биыл АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Франция, Италия, Испания, Германия, Чехия, Польша, Бельгия, Молдова, Эстония, Венгрия, Австрия, Армения, Аргентина, Украина, Грузия, Үндістан, Қытай, Жапония, Кения, Оңтүстік Африка Республикасы, Оңтүстік Корея, Тайвань, Израиль, Румыния мен Қазақстаннан 90-нан астам шығармашылық ұжым шақырылып отыр.

Алматылық ұжым 28 мамыр күні «Cercul Militar Craiova» мәдени орталығының сахнасында өз репертуарындағы «Ромео мен Джульетта» спектаклін қазақ тілінде қояды. Сонымен қатар румын және ағылшын тілдерінде субтитрлермен сүйемелденеді.

Режиссер Дина Жұмабаеваның жетекшілігімен қойылған бұл қойылым Алматы мемлекеттік қуыршақ театрының репертуарына 2019 жылы енген. Камералық ерекше формат, тірі актерлік ойын мен қуыршақты жүргізудің үйлесімі, қызықты режиссерлік шешімдер, Анна Цойдың жетекшілігіндегі кәсіби хореография, сондай-ақ Юлия Чернованың атмосфералық әрі өзгеше сценорафиялық спектаклі көрермендер мен театр мамандары арасында жақсы бағасын алған. Бұған дейін ол Канада, Болгария, Ресей, Түркия және Қазақстанда өткен халықаралық фестивалдерде жүлделі орындарды иеленген еді. Мысалы, бытыр ол Францияның Авиньон қаласында өткен «Off Avignon» халықаралық фестиваліне қатысты. Онда Шекспир фестивалінің ұйымдастырушылары әртістердің шығармашылық шеберлігін жоғары бағалап, биыл Крайова қаласында өтетін XV халықаралық Шекспир фестиваліне шақырған.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

## ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

**Берікбол МӘНДІБАЕВ,**

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы:

## «ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ 30 ПАЙЫЗЫ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК САЛАСЫНА ТИЕСІЛІ»



**– Берікбол Шатабайұлы, қаладағы кәсіпкерлікті қолдауға қаншалықты көңіл бөлініп жатыр?**

– Алматы қаласында шағын және орта бизнесті қолдау құралдарын кеңейту бойынша жұмыстар жалғастырылып жатыр. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен бірлесіп, кәсіпкерлікті қолдаудың республикалық және өңірлік бағдарламалары, оның ішінде субсидиялау, несиеу және кепілдендіру шаралары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы кәсіпкерлерді әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу жұмыстарын жүргізуде. Бұл шара әлеуметтік жобаларды іске асыру үшін гранттық қаржыландыруды қоса алғанда, мемлекеттік қолдаудың қосымша шараларына үміткер болуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру және бизнестің тұрақты дамуына қолайлы жағдай жасау басым бағыт болып қала береді.

**– Инвестиция ағыны қай салаларда басым?**

– Бүгінгі таңда Алматыға тартылатын инвестициялардың негізгі ағыны жылжымайтын мүлікпен байланысты операциялар саласына тиесілі. Оның үлесі инвестициялардың жалпы көлемінің шамамен 30 пайызын құрайды. Бұл қала

инфрақұрылымының белсенді дамуына, тұрғын үй мен коммерциялық нысандар құрылысына, сондай-ақ мегаполисте іскерлік белсенділіктің артуына байланысты.

Алматы қаласындағы өнеркәсіптің негізін өңдеу өнеркәсібі құрайды. Оның әлеуеті – Алматы индустриялық аймағын дамытудың II кезеңін іске асырумен, «ИТП» АЭА мүмкіндіктерін кеңейтумен, сондай-ақ шағын өнеркәсіптік парктер желісін дамытумен тікелей байланысты.

**– Технопарктер мен арнайы экономикалық аймақтардың жұмысын жандандыру қалай жүргізілуде?**

– 2026 жылдың мамыр айындағы жағдай бойынша 178 компания «ИТП» АЭА қатысушылары болып табылады. Іске асырылып жатқан жобаларға салынған инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 305 млрд теңгені құрайды. Нәтижесінде 7,4 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылып, бюджетке төленген салықтар мен өзге де міндетті төлемдер көлемі шамамен 189 млрд теңгеге жетті. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі 1,2 трлн теңгеден асты.

Алматы индустриялық аймағында жалпы инвестиция көлемі 914,2 млрд теңгені құрайтын 151 компанияның жобалары іске асырылуда. Аталған жобаларды жүзеге асыру аясында 21,8 мыңнан астам жұмыс орнын ашу көзделген.

Қазіргі уақытта Алматы қаласында жалпы аумағы 95 мың шаршы метрді құрайтын 23 шағын өнеркәсіптік парк жұмыс істейді. Оларға салынған инвестициялар көлемі 9,6 млрд теңгені құрап, 2394 жұмыс орны ашылды.

Жалпы алғанда, шағын өнеркәсіптік парктерді дамыту аясында құны 46,9 млрд теңгені құрайтын 67 жоба іске асырылуда. Нысандардың жалпы ауданы 388,2 мың шаршы метр, құрылатын жұмыс орындарының саны – 6564.

«ИТП» АЭА инфрақұрылымына сұраныстың жоғары болуына байланысты оның мүмкіндіктері мен аумағын одан әрі кеңейту мәселелері пысықталуда. Сонымен қатар IT, телекоммуникация, электроника, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, сондай-ақ фармацевтика мен медициналық техника өндірісі сияқты басым бағыттар бойынша кәсіпорындарды орналастыру үшін қолайлы жағдайларды жетілдіруге ерекше назар аударылуда.

**– Сұхбатыңызға рақмет.**

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

## ҚАЙРАТКЕР

## ӘДЕБИЕТ АБЫЗЫ 90 ЖАСТА

Биыл қазақ халқының мақтанышы, көрнекті ақын, қоғам қайраткері, дипломат ері зерттеуші Олжас Сүлейменов 90 жасқа толып отыр. Ол – қазақ әдебиетін өлемге танытқан, ұлттық руханияттың дамуына зор үлес қосқан бірегей тұлға. Оның шығармалары мен қоғамдық қызметі бірнеше буынға рухани күш беріп келеді.

Сонау Кеңес одағы кезеңінде Олжас Омарұлы Жазушылар одағына мүше болып, 1971–1981 жылдары Қазақстан жазушылар одағының басқарма хатшысы, 1972–1975 жылдары Азия мен Африка елдерінің жазушыларымен байланыс жөніндегі қазақ комитетінің төрағасы қызметін атқарған. 1975 жылы «Аз и Я» кітабы жарық көрген. Алайда, бұл кітап Мәскеуде теріс резонанс тудырып, оған тыйым салынған. Содан кейін Олжас Сүлейменовтың туындылары 8 жыл бойы басылымға түспей, ол мүлде кітап жазумен айналыспай қойған.

1980–1984 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, одан әрі Президиум мүшесі, 1984–1989, 1989–1991 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1981 жылы XXVI съезінің делегаты болып сайланған. 1981–1983 жылдары Қазақ КСР кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы болған. Сөйтіп,

Олжас Сүлейменов қазақ кинематографиясында тың толқынның пайда болуына елеулі ықпалын тигізген.

Олжас Омарұлы тек ақын ғана емес, қазақ елінің мәдениеті мен тарихын халықаралық деңгейде насихаттаған қайраткер. Оның поэзиясында ұлт тағдыры, адамзат құндылығы, бейбітшілік пен рух еркіндігі кеңінен көрініс тапты. Ақынның шығармалары әлемнің көптеген тіліне аударылып, халықаралық әдеби ортада жоғары бағаланды.

1989 жылдың ақпанында Олжас Сүлейменов халықаралық ядролық қаруға қарсы «Невада-Семей» қозғалысын құрып, оның президенті болған. Қозғалыстың негізгі мақсаты – Семей ядролық сынақтар алаңын және дүниежүзіндегі басқа да ядролық сынақ алаңдарын жабу. Осы бағыттағы қажырлы еңбегінің нәтижесінде антиядролық қозғалыс түпкі мақсатына жетіп, полигон түпкілікті жабылып, ядролық қаруды сынауға халықаралық

мораторий жарияланған. Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа көптеген елдер қол қойған.

Олжас Сүлейменов 1995–1996 жылдары Италия, Грекия, Мальта Республикаларында Қазақстанның Төтенше және Өкілетті елшісі қызметін атқарған. Елші қызметінде жүріп әдеби миссиясын жалғастырып, орыс, түркі-славян тілдерінде де шығармалар жазып, бірнеше кітабы жарық көрген. Түркітану саласында көрнекті жетістіктері үшін Күлтегін сыйлығына ие болған.

Қазақ КСР халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері атанған Олжас Омарұлы халық мүддесі үшін жасаған қажырлы еңбегі үшін бірнеше мемлекеттік наградамен, соның ішінде, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, «Құрмет Белгісі», «Еңбек Қызыл Туы», «I дәрежелі Барыс» орденімен, сонымен қатар, Түркия, Ингушетия, Ресей, Украина, Әзербайжан, Жапония, Франция секілді бірнеше елдің басшылары атынан Қазақстанмен арасындағы достықты нығайтуға қосқан үлесі үшін төсбелгілерімен марапатталған.

Бүгінде Олжас Сүлейменов – қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл түркі дүниесінің абызына айналған тұлға. Оның шығармашылығы мен азаматтық ұстанымы жас ұрпаққа өнеге болып қала береді. Ақынның 90 жылдық мерейтойы – ұлттық мәдениет пен руханият үшін маңызды тарихи белес.

**Жәнібек СЕЙТЖАПАРОВ,**  
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

## БІЛГЕН ЖӨН

Сот саласында жүргізіліп жатқан реформалар сот төрелігін әділ іске асыруға, жеке және заңды тұлғалардың, яғни, азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз, сапалы қорғауға, қолжетімді қызмет көрсетуге бағытталған. Осы орайда енгізілген эксаумақтық соттылық – сот жүйесіндегі соңғы жаңашылдықтың бірі.

Мәселен, сотқа талап қоюшы Орал қаласында, жауапкер Алматы қаласында тұрса, талап қою бойынша азаматтық іс Алматы қаласындағы соттардың бірінде қаралып, шешім жауапкер пайдасына шықты делік. Бұл жерде соттың шешімі заңды

## ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ – БЕЙТАРАПТЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ

болғанның өзінде, талап қоюшының оған күмәнмен қарауы заңдылық. Осындай келеңсіз жайтты болдырмау үшін тараптар өзара келісіп, істі қарау үшін, республиканың басқа аймағындағы сотты таңдай алады. Бұл үшін істі сот талқылауына дайындау барысында, тараптар судьяға аумақтан тыс соттылықты қолдану туралы жазбаша өтініш береді. Өтінішке олардың арасында жасалған келісім қоса беріледі. Кейін арнайы IT жүйе – «Істерді аумақтан тыс соттылығы бойынша автоматтандырылған бөлу» арқылы азаматтық сот ісін жүргізудің шеңберінде арнайы критерийлер арқылы республика бойынша басқа облыстың нақты сотын айқындайды және іс сол сотқа жіберіледі.

Осылайша, эксаумақтық юрисдикция азаматтық істерді автоматты түрде бөлу жүйесімен жүктемесі аз ел аумағындағы мамандандырылған соттарға бөледі. Яғни, істің тараптар тұратын жерден тыс аумақта қаралуы тамыр-тамыстың жолын кесіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алады, жергілікті билік, лауазымды азаматтар тарапынан орын алуы мүмкін ықпалды азайтады. Бұл өз кезегінде соттардың тәуелсіздігін нығайтып, бейтараптығын арттырады. Тағы бір артықшылығы, республиканың барлық сотында жүктеме тең бөлінеді. Соның нәтижесінде жүктемесі көп ірі қалалар мен облыстардағы сот судьяларының күрделі істерге көңіл бөлуіне мүмкіндік туады.

Жалпы алғанда, эксаумақтық соттылықты қолдану – тараптардың міндеті емес, құқығы, таңдау – өз еріктерінде. Тараптардың келісімінсіз ешкім де ол үшін заңда көзделген соттылық мәртебесін өзгертепейді. Өтініш бір тараптан ғана түсіп, екінші жақ онымен келіспесе, іс басқа аумақтың сотына берілмейді. Ең бастысы, бұл жаңашылдық ел игілігі, халық мүддесі үшін жасалып жатқаны және сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етуге бағытталғаны ақиқат.

**Г.АМАНТАЕВА,**  
Орал қаласы №2 соты  
экiмшiсiнiң басшысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ БЕДЕЛІН ҚАЙТСЕК КӨТЕРЕМІЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан қорғаныс саласына қатысты заңнамалық түзету енгізу уақыт талабы. Құжат Мәжілістің жалпы отырысында талқыланды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын жетілдіру, қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп аталатын заң жобасын дәстүрлі жиында Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Олжас Құспеков таныстырды. Олжас Хайроллаұлының айтуынша, жаңа құжат армиядағы кадр саясатын, әлеуметтік қолдауды, бітімгерлік қызметті және арнайы операциялар күшінің мәртебесін жаңартуға бағытталып отыр.

Әскердегі негізгі проблеманың бірі – кадрлық шешімдердің жабықтығы екені белгілі. Қоғамда жоғары лауазымдарға тағайындау кезінде кәсіби қабілеттен гөрі, субъективті факторлар әсер етеді деген пікір жиі айтылады. Заң жобасында бұл мәселені цифрлық рейтинг арқылы шешу ұсынылыпты. Енді жоғары әскери лауазымдарға кандидаттардың кәсіби деңгейі арнайы цифрлық жүйе арқылы бағаланбақ. Рейтинг әскери қызметшінің кәсіби құзыреті, жетістіктері және қызметтік көрсеткіштері негізінде қалыптасады. Бұл жүйе кадрлық шешімдердің ашықтығын арттыруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелін азайтуға, мансаптық өсудің әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Десе де сарапшылар жүйенің тиімділігі рейтинг критерийлерінің ашықтығына байланысты болатынын айтады. Егер бағалау тетігі қоғамнан жабық болса, жаңа механизм де ескі проблемаларды толық

шеше алмауы мүмкін. Соңғы жылдары жастар арасында әскери қызметке қызығушылықтың төмендеуі байқалады. Бұған, әрине, тұрмыстық жағдай, психологиялық қысым, әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіздігі, әскери бөлімдердегі ескі басқару мәдениеті әсер етіп отырғаны үнемі айтылып келеді. Қоғамда сарбаздардың тамақтануы мен қауіпсіздігіне қатысты сын да көбейді. Кейбір қайғылы жағдайлар армиядағы ішкі ахуал мәселесін қайта көтерді. Заң жобасында бұл түйткілдерді бірнеше бағытта шешу ұсынылыпты. Бірінші-

ден, казарма жағдайында немесе карантин кезінде жүрген әскери қызметшілерді мемлекет есебінен толыққанды тамақпен қамтамасыз ету көзделген. Екіншіден, төтенше жағдайлар мен терроризмге қарсы операцияларға тартылатын әскери қызметшілерге үш еселенген ақшалай үлес төлеу қарастырылды. Бұл өлшем әсіресе, қауіпті аймақтарда қызмет атқаратын сарбаздардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуге бағытталған. Үшіншіден, уақытша қызметінен шеттетілген әскери қызметшіге ең төменгі жалақы көлемінде

төлем беру қарастырылып отыр. Қазіргі заңнамада мұндай жағдайда әскери адам табыссыз қалады. Сонымен бірге 25 жылдан астам еңбек өтілі бар әскери қызметшілерге өз еркімен қызметтен босау құқығын беру ұсынылған. Сарапшылар пікіріне сүйенсек, бұл өзгерістер армиядағы әлеуметтік тұрақтылықты күшейтуі мүмкін.

Дегенмен әскери қызметтің беделі тек қаржылық қолдаумен көтерілмейді. Ол үшін командирлік мәдениет, психологиялық қауіпсіздік және ішкі тәртіп мәселесі де қатар өзгеруі керектігі анық. Бұл тұрғыда шешімін күткен мәселе көп.

Қазақстан соңғы жылдары БҰҰ-ның халықаралық миссияларына белсенді қатысып келеді. Ливан мен Голан жоталарындағы миссиялар Қазақстанның халықаралық беделін арттырған жобаның бірі болды. Алайда бітімгерлердің төлем жүйесіне қатысты мәселе көптен бері айтылууда. Қазіргі тәртіп бойынша БҰҰ бөлетін қаражат республикалық бюджет арқылы өтетіндіктен, төлемдер кешігіп беріледі. Заң жобасында бұл мәселені шешу көзделген. Арнайы талапқа сай БҰҰ

қаржысы тікелей Қорғаныс министрлігінің шотына аударылмақ. Бұл төлемді жылдамдатып, бюрократиялық кедергіні азайтып, әскерилер еңбек ақысын уақытылы алуына жол ашады деген сенім бар. Сонымен қатар Қазақстанның халықаралық бітімгерлік миссиялардағы беделін де күшейтпек.

Әлемдегі қауіпсіздік ахуалы өзгерген сайын армия құрылымына да жаңа талап қойылып отыр. Қазір тек дәстүрлі соғыс емес, лаңкестік, гибридті қақтығыстар, шекаралық тұрақсыздық және арнайы операциялардың қауіпі күшейіп барады. Қолданыстағы заңнама арнаулы операциялар күштерінің мәртебесі нақты айқындалмапты. Жаңа құжатта осы олқылықтың орны толтырылып, бұл құрылымға арнайы мақсаттағы бөлімше мәртебесін беру ұсынылды. Егер құжат қабылданса, жедел шешім қабылдауды жеңілдетуге, басқару жүйесін икемді етуге, арнайы операциялардың құқықтық негізін күшейтуге мүмкіндік туады. Сарапшылар мұны Қазақстан армиясының заманауи әскери модельге бейімделуінің белгісі ретінде бағалап отыр екен.

Заң жобасында халықаралық ұйымдардағы қазақстандық әскери өкілдердің құқықтық мәртебесін нақтылау да қарастырылған. Енді оларға – дипломатиялық артықшылық, әлеуметтік кепілдік, медициналық қамтамасыз ету тетіктері дипломатиялық қызмет туралы заңнамаға сәйкес қолданылмақ. Құспеков мырзаның айтуынша, бұл талап Қазақстанның халықаралық әскери ынтымақтастығын институционалды тұрғыдан күшейтуді көздейді.

Токетерін айтқанда, ұсынылып отырған заң жобасында армиядағы бірнеше жүйелі мәселені шешуге ұмтылыс бар. Атап айтқанда, құжатта кадрлық ашықтық, әлеуметтік қолдау, халықаралық миссиялар және арнайы операциялар жүйесін жаңарту мәселесі қамтылған. Десе де, кез келген реформаның тағдыры заң мәтініне емес, оның орындалуына байланысты екені анық. Егер ұсынылған нормалар шынайы іске асып, әскери жүйедегі ескі тәсілдер өзгерсе, бұл Қазақстан армиясының жаңа кезеңге өтуіне негіз болуы мүмкін. Ал егер реформалар тек қағаз жүзінде қалса, қоғамдағы сенім дағдарысы тереңдей түсуі ықтимал.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

## Сіз не дейсіз?

Болат КЕРІМБЕК, Парламент Мәжілісінің депутаты:

– Әскери қызметтің табиғаты өмір мен денсаулыққа төнетін жоғары қауіппен, елеулі физикалық және психологиялық жүктемемен, қатаң тәртіппен және азаматтық мамандықтардың басым бөлігіне тән емес шектеулермен байланысты. Осындай жағдайда мемлекет ел қауіпсіздігін күн сайын қорғап жүрген азаматтарға лайықты әлеуметтік қолдау көрсетуге міндетті. Заң жобасындағы төтенше жағдайларды жоюға, төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге және терроризмге қарсы іс-шараларға тартылатын әскери қызметшілерге қатысты ұсынылып отырған шаралардың маңызы зор. Өйткені, мұндай міндеттерді орындау жоғары қауіппен, қалыптан тыс жұмыс режимімен, үлкен жауапкершілікпен және өмір мен денсаулыққа тікелей қауіп төнуімен байланысты. Заң жобасында көзделген ақшалай қамтылымды үш еселенген мөлшерде төлеу – артықшылық емес, ерекше қызмет жағдайлары үшін әділ өтемақы тетігі, әскери қызметшілердің жоғары жауапкершілігі мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесін мойындау деп білемін.

Сонымен қатар, қазақстандық әскери қызметшілердің Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссияларына қатысуына және әскери персонал ұсынғаны үшін мемлекетке бөлінегін қаражатты төлеу тәртібіне қатысты нормалар да қолдауға лайық. Бүгінде Қазақстанның бітімгерлік қызметке қатысуы – тек халықаралық міндеттемелерді орындау ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің халықаралық беделін нығайтудың маңызды құралы. Қазақстандық әскери қызметшілер халықаралық аренада еліміздің абыройын лайықты деңгейде танытып, жоғары дайындықты, тәртіп пен кәсібилікті көрсетіп келеді. Сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымы бөлетін қаражаттың бітімгерлік міндеттерді атқарып жүрген әскери қызметшілерге тікелей төлену тетігін заңнамалық тұрғыда бекіту аса маңызды деп есептеймін.

Бітімгерлік операцияларға қатысу – күрделі әрі тұрақсыз жағдайда, отбасынан жырақта және жоғары қауіп жағдайында қызмет атқару екенін түсінуіміз қажет. Осыған байланысты тиісті төлемдердің әскери қызметшілерге уақытылы әрі жедел аударылуы – орынды, әділ және қажетті шешім.



## ТАЛҚЫ

### ҰЛТТЫҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ БОЛУҒА ҚАЙ ӨҢІР ЛАЙЫҚ?

Президенттің «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қоғамда ерекше серпіліс тудырды. Құжатта кітап оқу мәдениетін дамыту мемлекеттік маңызы бар бағыт ретінде айқындалды. Алайда мұндай бастамалар бұған дейін де қолға алынған еді. Соның бірі – Абай облысында жүзеге асқан «1000 оқырман» жобасы.

Жобаның мақсаты – жастар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, ойлау сапасын арттыру және рухани ортаны күшейту. Бастамаға ұстаздар, қоғам белсенділері, жастар және зиялы азамат өкілдері қолдау білдірді. Жоба аясындағы маңызды кездесудің бірі Аяғөз қаласында өтті. Финалдық кезең барысында жастар кітап талдап, пікір алмасып, интеллектуалды орта қалыптастыруға үлес қосты. Іс-шара барысында жастар арасында кеңінен талқыланған кітаптың бірі – «Финляндия қалай оянды?» еңбегі болды.

Мәжіліс депутаты Абзал Құспан қатысқан кездесуде жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқитын ұлт қалыптастыру мәселесі қозғалды. Жоба бастамашыларының бірі Елдос Айбековтің айтуынша, кітап оқу – ұлт сапасын айқындайтын маңызды фактордың бірі.

– Біз Президенттің мұндай жарлығы шығатынын алдын ала білген

жөкпыз. Бірақ қоғамда кітапқа, сапалы ойлауға және рухани ортаға деген сұраныстың артып келе жатқанын байқадық. Сондықтан жастар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру бағытында нақты әрекетке көштік. Бүгінде бұл бағыт мемлекеттік деңгейде қолдау тауып жатқанын қуантады, – деген. Оның пайымдауынша қазіргі кезеңде мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі тек экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, азаматтардың интеллектуалды әлеуетімен де өлшенеді. Президент жарлығында жаңа форматтағы кітапханалар құру, цифрлық кітап платформасын дамыту, «Жылдың 10 оқырманы» жобасын іске асыру және «Зерделі ұлт» тұжырымдамасын қабылдау секілді міндеттер белгіленген.

Соңғы уақытта Абай облысын «Кітап оқитын ұлттың рухани Астанасы» ретінде дамыту жөніндегі пікірлер де айтыла бастады. Өйткені бұл өңір – Абай, Шәкәрім және Әуезов сынды алыптар мекені. Мамандардың пікірінше, кітап оқу мәдениетін жаңғырту дәл осындай рухани кеңістіктен басталуы заңдылық. Бүгінде кітап оқу тек мәдени құндылық ғана емес, ұлттық сапа мен қоғам болашағына әсер ететін маңызды фактордың бірі. Себебі зерделі ұлт қана қуатты мемлекет қалыптастыра алады.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»



## ОҢ ҚАДАМ

Алматы қаласының жалпы өңірлік өніміндегі (ЖӨӨ) ашағын және орта бизнестің (ШОБ) үлесі 2025 жылы 60 пайызға жетті. Қала әкімі Дархан Сатыбалдының айтуынша, ол 2030 жылға қарай 65 пайызды құрамақ.

### АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ЖӨӨ КӨЛЕМІ БОЙЫНША КӨШБАСШЫ



ШОБ – Алматы қаласының экономикалық жүйесіндегі негізгі буын. Ол мегаполистің дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Сондықтан жергілікті бюджеттен ШОБ-ты қолдауға 2026 жылы 66 млрд теңге қарастырылған. Ондағы өсім 2025 жылмен салыстырғанда 30 пайызды құрап отыр.

Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында: «Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 40 пайызға, ал жұмыспен қамту ісіндегі үлесі 50 пайызға жуықтады. Бұл – жаман көрсеткіш емес. Бірақ осы саланы жүйелі түрде жетілдірмесе, экономикамыз дамытып, тұрмыс сапасын жақсартуға тың серпін бере алмаймыз. Екі миллионнан астам шағын бизнес субъектісі ішінде өнім өндіретін кәсіпкерлер саны алты пайызға да жетпейді. Орта бизнесте бұл көрсеткіш жоғары болғанымен,

бәрібір көңіл көншітпейді», – деген еді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, мамыр айының басында Алматы қаласында тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің саны – 411 574, ал жұмыс істеп тұрғаны 361 794 болды. Жұмыс істеп тұрғандарының көбі дара кәсіпкерлер мен шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар. Ең азы шаруа немесе фермер қожалықтары мен орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар. Олардың көбі көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильді және мотоциклдерді жөндеу (147 298), ең азы электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда (524) екенін байқауға болады. Ал өңдеу өнеркәсібіндегілері – 16425 болып отыр.

Осы арада жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъек-

тілері шоғырланған аудандар туралы да айта кеткен жөн шығар. Статистикаға қарасақ, олардың көбі Бостандық, Алмалы, Әуезов, Алатау, Медеу ауданында, ең азы Жетісу, Түркісіб, Наурызбай ауданында орналасқан. Шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер саны бойынша Бостандық, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар саны бойынша Алмалы, шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша Наурызбай ауданы бірінші орында тұр.

2025 жылы еліміздегі ЖІӨ – 159 583 750,7 млн теңге болса, оның 23,4 пайызы немесе 37 279 951,5 миллионы Алматы қаласының үлесінде болды. Алматы ЖӨӨ көлемі жағынан республикада 1996 жылдан бері жеке дара көш бастап, өзгелерден алда келе жатыр. Мәселен, ЖӨӨ көлемі бойынша республикада 2-орында тұрған Астана қаласы одан екі еседен астам артта қалып отыр.

Егер Алматы қаласында ЖӨӨ-нің құрылымына қарайтын болсақ экономикалық қызмет түрлері арасында – көтерме және бөлшек сауда, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу салаларының үлесі басым екенін аңғаруға болады. Одан кейін жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар көлік және қоймалау; өнімдерге және импортқа салынған таза салық; қаржы және сақтандыру қызметі; кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет; ақпарат және байланыс; өнеркәсіп; әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет; өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс салалары тұр. Бұл тізім білім беру; денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету; және тамақтану бойынша қызмет көрсету; өнер, ойын-сауық және демалыс; мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету; электр энергиясымен, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметтің; үй шаруашылығын жүргізу бойынша; ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы және өзге де қызмет түрлерін ұсынумен түйінделеді.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

**ТАЛАПКЕР - 2026**

# «КОЛЛЕДЖ КҮНІ» КӘСІБИ БАҒДАР АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінің колледжінде «Колледж күні» мерекесі кең көлемде аталып өтті. Бұл күн колледж қабырғасында қалыптасқан білім беру ортасын, студенттердің кәсіби дайындығын, шығармашылық ізденісін және оқу орнының даму бағытын жан-жақты танытқан ерекше іс-шара болды.

Қонақтар назарына колледждің алдағы бес жылға арналған стратегиялық даму жоспары да ұсынылды. Бұл бөлімде оқу орнының мақсаты, білім сапасын арттыруға бағытталған жоспа-

курсиялар ерекше мазмұнға ие болды. «Тағам өндірісі технологиясы» зертханасының жұмысы таныстырылып, технологиялық бағыттағы білім беру бағдарламасы бойынша көрме ұйымдастырылды. Қолдан әзірленген тағамдар көрмеге қойылып, қонақтарға шеберлік сабағы көрсетілді. Бұл бөлім ұлттық дәстүрді кәсіби біліммен байланыстырумен ерекше әсер қалдырды.

Әлеуметтік серіктестер өткізген шеберлік сабағы да қатысушылар қызығушылығын арттырды. Технологиялық бағыттағы бұл сабақтар студенттерге болашақ мамандығының нақты

және кәсіби жұмыстары да көрмеге қойылды. Әрбір жұмыс студенттердің ізденісін, еңбегін, таңдаған саласына деген қызығушылығын танытты. Қатысушылар «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» білім беру бағдарламасының зертханаларын аралап, оқу кеңістігімен танысты. Ашық сабақтар мен білім беру бағдарламасының таныстырылымы да келушілерге пайдалы ақпарат берді.

Күннің маңызды бөлігінің бірі – жұмыс берушілер мен колледж түлектерінің студенттермен кездесуі болды. Еркін форматта өткен жүздесуде қонақтар өз тәжірибесімен бөлісіп, кәсіби жол таңдауда қажет болатын кеңестерін айтты. Мұндай әңгімелер студенттерге болашақ мамандығына жауапкершілікпен қарауға, еңбек нарығының талабын түсінуге және өз мақсатын нақтылауға ықпал етті.

Іс-шара соңында қатысушыларға түскі ас ұсынылып, қонақтар колледж ұжымының ұйымдастырушылық еңбегіне ризашылық білдірді. Күні бойы өткен бағдарлама мазмұндылығымен, жүйелілігімен және жылы атмосфера-сымен есте қалды.

«Колледж күні» – оқу орнының мүмкіндігін танытқан жай ғана мерекелік шара емес, білім мен тәжірибені, дәстүр мен жаңашылдықты, студент пен жұмыс берушіні, талапкер мен оқу орны тоғыстырған маңызды алаң болды. Бұл күн колледждің материалдық-техникалық базасын, білім беру әлеуетін, студенттердің кәсіби қабілетін және болашаққа бағытталған даму жолын кеңінен көрсетті.

**Арайгүл РАМАЗАНОВА,**  
ХИТУ оқытушысы



Мерекелік шараға Алматы қаласы Білім басқармасының өкілдері, университет басшылығы, мектеп директорлары, әлеуметтік серіктестер, жұмыс берушілер, ата-аналар, колледж түлектері мен талапкерлер қатысты. Қонақтар колледж өмірімен жақын танысып, оқу орнының материалдық-техникалық базасын, білім беру бағдарламаларын, студенттердің кәсіби және шығармашылық жұмыстарын тамашалады.

Іс-шарада студенттердің кәсіби бағыттағы дайындығы көпшілік назарына ұсынылды. Қонақтар «Құтқару жұмыстары» құзыреттілігі бойынша білім алушылардың әзірлігін көріп, олардың шұғыл жағдайда әрекет ету дағдыларымен танысты. Сондай-ақ «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша саптық жүріс көрсетілді.

Мереке барысында колледждің жетістіктері мен Жастар ісі комитетінің қызметі де таныстырылды. Студенттердің қоғамдық өмірге белсенді араласуы, түрлі бастамаларға қатысуы, оқу орнындағы жастар саясатының

жүйелі жүргізіліп отырғанын көрсетті. Сонымен қатар «Туризм» мамандығы бойынша арнайы таныстырылым жасалып, бұл бағыттың ерекшелігі, болашақтағы мүмкіндіктері мен еңбек нарығындағы маңызы түсіндірілді.

ры, жаңа жобалары мен даму басымдықтары айтылды. Мұндай таныстырылым колледждің бүгінгі жұмыспен ғана шектелмей, келешекке нақты бағдар жасап отырғанын көрсетті.

Шара аясында көрмелер мен экс-

пандірістегі орнын түсінуге мүмкіндік берді. Ал қонақтар колледждегі оқу үдерісінің тәжірибемен тығыз байланыста жүргізілетінін байқады.

Білім алушылардың мамандықтары бойынша дайындаған шығармашылық

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

3. «Singa Ventures» (Синга Венчурес) ЖШС (БСН 100840003777) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылдық округі, Маңғыстау ауылы, Маңғыстау 4 тұрғын үй алабы, 178-үй.

4. «TSE Studio» ЖШС (БСН 240740003810) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы, 20-үй, 79-пәтер.

5. «MedMart» ЖШС (БСН 131040006825) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қалқаман шағынауданы, 20-үй.

9. «League of prestige» ЖШС (БСН 180440030596) 18 мамыр 2026 ж. хаттамалық шешімімен (ҚР, Абай облысы, 070201, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Сәмен Сайдаш Жолдасовтар көшесі, №42-үй, 2-пәтер) тарату туралы шешім қабылданды. Шағымдар газетте хабарландыру шыққан күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Абай облысы, 070201, Аягөз ауданы, Аягөз қаласы, Сәмен Сайдаш Жолдасовтар көшесі, №42-үй, 6.

10. «Бидай ВС» ЖШС (БСН 230240006260) (ҚР, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, В.Чкалова көшесі, 10-үй, 89-пәтер), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қостанай қаласы, Бауман көшесі, 12, 77-пәтер. Тел. 8 771 503 71 03.

11. «Автокөлік құралдарын кепілге алу арқылы кредиттеу жөніндегі компаниялар қауымдастығы» Занды тұлғалар бірлестігі (БСН 191140017790) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылдық округі, Ақсуат ауылы, Ы.Кабеков көшесі, 16-ғимарат. Тел. +7 771 968 83 33.

14. «Кәусар бұлақ» емдеу-сауықтыру кешені» ЖШС (БСН 210940011467) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Көктерек кенті, Д.Қонаев көшесі, 33-құрылыс, индекс 160917.

### ӘРТҮРЛІ

2. Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 13 мамырдағы ұйғарымымен «Соляная компания «Асыл Туз» ЖШС-не (БСН 060840011748) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Барлық сұрақтар бойынша мына телефон нөміріне хабарласуға болады: +7 700 439 5759.

6. «Түлкібас ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» КММ (БСН 100140018026) өзінің бөліну жолымен қайта ұйымдастырылатыны және екі жаңа ұйым құрылатыны туралы хабарлайды: «Түлкібас ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ және «Түлкібас ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» ММ. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Майлықент ауылдық округі, Тұрар Рысқұлов ауылы, Жантұров көшесі, 17-үй.

12. «GS Қостанай компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 120640015142) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қостанай қаласы, Қарбышев көшесі, 4/2 мекенжайы бойынша қабылданады.

13. Алматы облысының МАЭС 18.05.2026 ж. ұйғарымымен «МАКС ДОРСТРОЙСЕРВИС-21» ЖШС-не қатысты (БСН 980440001906) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сыпатаев көшесі мен Мыңбаев көшесінің қиылысы, 121/50 үй. Тел. +7 701 555 4972.

### МҰРАГЕРЛІК

7. 01.12.2025 ж. қайтыс болған Сейтжанов Талғат Жұманазарұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

8. 2025 жылғы 22 қарашада қайтыс болған Сарсенбеков Ертай Летаевичтің қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Абай облысының нотариаттық округінің нотариусы Сейілғазина Шолпан Есенгелдиновнаға мына мекенжай бойынша хабарласуы қажет: Абай облысы, Семей қаласы, Уранхаев көшесі, 53-үй. Тел. 8 777 588 35 35.

### Баспасөз – 2026

## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Даяуыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

### Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanjreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.:  
8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99  
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,  
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолықын 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.  
Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270  
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру WhatsApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(712) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2-қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, РБК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar\_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

**БАЙҚАУҒА**

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Кім біліпті, бойжеткен біреуге деген сезімнің күнделігіне түсірсе, оны көріп қойған ағасына көрінде жатып та өкпелейді емес пе? Ендеше, күнделікті жылы жапқаны жөн. Бірақ, бойында тергеушілік қаны бар Сырбай күнделікті соңына дейін мұқият қарап шыққанды дұрыс деп тапты. Кім біледі, біреу-міреу қыз намысына тиді ме екен? Жасыратын несі бар, бүгінде жігіті тастап кеткен бойжеткендер де өздерін өлімге қия салатын болып жүр ғой.

Күнделікте сезік алатындай ештеңе де жазылмапты. Бірақ Самалдың Ажар атты апайы жөнінде жазғандары көңілінен кетпей қойды. «Шіркін, біздің Ажар апайға жететін ұстаз жоқ қой. Жан сырынды айтқызбай түсінеді. Өзі қандай сұлу болса, көзі де сондай көркем! Менің Ажар апайдай болғым келеді». «Бүгін де Ажар апаймен бірге кайттым. Ақылды ұстазым жол-жөнекей талай әңгіме айтты. Сөздері қандай шырын. Күлкісі бал ғой, бал!» деп тамсаныпты қарындасы. Сырбай қарындасы мақтаған мұғалімді барып көргісі келді. Расында, соншалықты сұлу ма екен?

Адам да осылай ат тауып қоя береді екен-ау, Ажар десе ажар! Екі-үш балалы болса да құлын мүсінін жоғалтпаған жас мұғалім жұтынып тұр екен. Өзі қымсынбай, тартыншақтамай жып-жылы алақанын жігіттің саусақтары арасына қыстыра қойды. Сырбайдың өн бойы ысып бара жатқандай еді. Ол Самалдың ағасы екенін айтты. Күнделік тауып алғанын, онда қарындасының ұстазын соншалықты сезіммен жақсы көретінін жазғанын да жасырмады. «Жан сырын бөліскен қамқоршысы әрі ұстазы болыпсыз. Самал соңғы кездері өзін қалай ұстады?» деп жүзіне үңілді.

– Бұл әңгімені кеңдеу отырып талқыласақ қайтеді? Менің сабағым бар еді, – деді Ажар.

Екеуі сабақтан соң кездесетін болып келісті. Ажардың әлі екі сабағы бар екен. Уақыт ұттыру үшін Сырбай кітапханаға барды. Мұндағы уақыты тез өте шыққандай көрінді.

**Тұңғыш**

Ажар әңгімені оқушысының өте ұқыпты, тәрбиелі, тәртіпті, оқуда озат болғанынан бастады.

– Ешқандай оғаш қылығын байқаған емеспін. Қашанда жайрандап жүруші еді. Бірақ, соңғы кездері көңіл-күйі болмай жүрді. Ақыры бір күні маған келіп боз бұлау болып жылады. Алайда, ішкі күйің ақтара алмады. Не айтпақ болдың екен деп әлі күнге дейін ойлап, қамығамын. Осындай кеселге душар болғандарды ақ киімді кісілер аңдып жүреді деседі ғой. Әлде кететінін біліп жылады ма екен? – деген Ажардың жанарына жас ілікті.

Бұдан әрі әңгіме өрбімеді. Сырбай да, Ажар да ой тұңғығында келе жатты.

– Соңғы кезде оқушылар батпырауық дегенді шығарды. Самал да батпырауығын ұшырып, желмен жарысып жота үстінде қарлығаштай қалықтап бара жатушы еді. Аспан жаққа неге сонша ынтық болды екен? – деді Ажар жалайрыққа келгенде.

Содан бері де екі-үш күн өткен. Сырбайдың қарындасының ажалы тағдырдың жазмышы екенін мойындамасқа шарасы да қалмады.

**Қағаздағы сыр**

Бірде ағасы Жайлаубек інісін қыр төсіне барып, серуендеп келуге шақырды. Дүние нұрға толып, дала

құлпырып тұр еді. Көктемнің күні кісіні еліктірмей қояр ма? Жота-жотаның басында гүл терген, асыр салып ойнаған балалар баршылық. Ойнақ салған қошақандар да дала сәніне көрік үстемелеп тұр.

Ағалы-інілі екеуі саумал ауаны құшырлана жұтып, үнсіз келе жатты. Кенет алдынан жүгіріп өткен бір топ бала:

– Мынаны қараңдар! Самалдың батпырауығы! – деп шуласты да қалды.

Жайлаубек те, Сырбай да балалар топырлап тамашалап тұрған жерге қа-

лық ізін байқамады. Тек мойнында арқанның ізі ғана бар болатын» дегенді үшеуі де қайталап шықты. «Әй, аңқау ағайындарым-ай! Көз алдарында тұрғанды да көрмейсіңдер-ау» деп өкпінді.

Бірақ ауылдың аңқау адамдары Сырбай сияқты жырынды қылмыскерлердің арасында жүрген жоқ қой. Қасқыр келіп бас салса тырп етуге, тіпті маңырауға да шамасы келмей көзін бір ашып, бір жұмып жата беретін қой мінездес қазағымның қарсыласқа келгенде ұтылатын жері көп. Өз есебінді өзін түгендеуді қашан

**Жасырын көз**

Өкіну мен ашу арпалысқанда ақылы арашаға келді. Тәуірі, бір ай деген соншалықты ұзақ мерзім емес қой. Қарбалас шаруамен жүргенде зуылдап өте шықпай ма? Қалған тірлікті сонда көре жатады дағы. Жақында ғана аса маңызды істер бойынша тергеуші Ерлан «Жасмин» мейрамханасындағы атыс кезінде бірнеше адамды мерт қылған қандықол қылмыскердің екеуі ұстатпай жүргенін айтып, көмек беруді өтінген болатын. Осы істі біржақты еткенше ауылға барар уақыт та келіп

ты. Кенет көзі көпқабатты үйдің бесінші қабатындағы терезеге түсті. Біреу пердені ысырып, сығалап тұрғандай көрінді. Биіктегі бейтаныс пердені жаба қойды. «Бұл кім болды екен? Неге жасырынады?» деп ойлап келе жатты. Ерtesіне де осы көшемен жүріп көрмек болды. Алайда, Күләннің «балалар көптен бері үйде отырып ішқұса болды, кешке серуендетіп келейік» дегеніне қарсы бола алмады. Ерланмен хабарласып, «күдікті көрінген пәтерді тексеріп көрші» деген. Бірақ, күдіктілер сол түні-ақ іздерін суытыпты. «Ендеше пәтерді мұқият қарап шық, айғақ ретінде әлдене қолына ілігер» деп ақыл қосты. Өккі немерлер пәтерді жылан жалағандай тып-типыл етіп кетіпті. Тіптен, саусақ іздерін де қалдырмаған. «Зәндем немерлер сауысқаннан да сақ болып шықты ғой» деп ой түйді Сырбай.

Күдіктілер алысқа ұзап кетпес үшін күшейтілген тәртіппен қаладан шыққан әрбір көлік мұқият тексеріліп жатты. Қаракшы атаулыда сыртқы жауды жауырынымен көріп тұратын жасырын көз болады. Мұны сақтық пен қорқыныш, үрей жасап шығарады. Демек, жаны тәтті қандықол жауыздар күндіз далаға аттап баспайды. Өмірлік тәжірибесінен мұны жақсы білетін Сырбай шұғыл рейдтің пайдасыз екенін айтқанымен, тексеру тоқтамады.

**Құрық**

Сырбай тағы да көшеде жалғыз келе жатыр. Көше күндізгідей жарық. Тымық түнде қолтықтасып көше бойлап келе жатқан жастар алаңсыз ақтарыла күліседі. Тіршіліктің осы бір тыныш та мамыражай көрінісіне қарап, мына әлемде зұлымдық атаулы қараңғыға тұншығып қалғандай сезінесіз. Бірақ, залымдарда аяушылық болмайды. Қалтарыста тап беріп, жағаңнан ала түспесіне кім кепіл?

- Квартира!
- Квартира!
- Квартира бар. Арзан!

Қолдарындағы кілттерді шыр айналдырып, айқайға басып екі келіншек тұр. Сырбай жайлап басып солардың жанына келді.

- Пәтер бар ма?
- Бар. Саған қандай керек?
- Жас жігіт, менікі евроремонттан өткен. Жаймалары кіршіксіз аппақ. Жаныңда бірге қонатын әлдекімің бар шығар. Жүр, көрсетейін. Сендерге ұнайды.

Жас келіншек өз ұйғарымының шындығына күмәнсіз сенеді. Өзі қутың-қутың етеді. Талайды көрген тәжірибелі екені көрініп тұр.

– Маған арзандауы керек еді. Пәтеріңізді қаншаға бересіз? – деп Сырбай жорта сұрады.

– Қап! Ертерек келмеген екенсің. Арзан да таза пәтер бар еді. Жаңа ғана екі жігіт келіп алып қойды. Өздері іс-сапармен келгендерге ұқсайды. Ұзақ мерзімге алды, – деді жайнақ көз келіншек.

– Кешігіп қалыпшың-ау, – деп өкінген сыңай танытты Сырбай.

– Сен өзі пәтер аласың ба, жоқ па? Екінші келіншек ашулана бастады.

– Сіз қилікпеніз. Біз саудаласып тұрмыз ғой, – деп жайнақ көз келіншек бәсекелесіне кейіп, мұны шеткерек ысырап бастады.

Осы арада Сырбай екі жігіттің қай пәтерге орналасқанын сұрап қалды.

Саудасы жүрейн деп тұрған келіншек бірден ақтарылды. Пәтерді жалға алған жігіттердің «біз туралы ешкімге тіс жармаңыз» деп үстемелеп тенге беріп кеткенін қапелімде есінен тартып шығарып алды.

Сол түні Ерлан бастаған бір топ полиция қызметкері қашқындарды тырп еткізбей құрықтады.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

(Жалғасы бар)



рай жүгірісті. Неге жүгірді? Не күтті? Әлде аяулы қыздың қолының табы қалған дүниеден жаралы жүрекке дәру күтті ме? Білмейді. Батпырауықты жерден Сырбай көтерді. Айналдырып қарап шықты. Әдемі жасалыпты. Мынадай көздің жауын алатын дүниенің далада иесіз жатқаны обал да сияқты. Таңсық дүние тылсым бір сыр айтатындай. Сырбай батпырауықты айналдырып ұзақ қарады. Батпырауық қанатының астына кішкентай ғана конверт тәрізді қағаз желімделіпті. Сырбай оның аузын ашқанда ішінен тілдей парак шықты. «Мен осы батпырауықпен аспанға ұшып кетемін. Сонда барып тазарамын. Ал сен айуан, қара жерде қала бер. Онсыз да қара ниеттісің ғой, албасты! Сен зәлімнің нағыз өзі екенсің! Көкте жүріп сенің тозақ отына күйгеніңді көргім келеді» деген сөздерді оқығанда Сырбайдың жүрегі мұздап кетті. Ол қағазды жалма-жан қалтасына сүңгітіп жіберді. Жазбаны Жайлаубек оқыса қандай күйге түсер еді?

Қайтар жолда Сырбай ағасынан біраз жәйтті суыртпақтап сұрап көрді. «Қарындасыңның қалтасынан қопта-су хаты шықты. Онда өлімін ешкімнен көрмеуін жазып кетіпті. Аңдып келген ажал алмай тынбайды екен ғой» деді ауыр күрсініп.

Үйге келген соң Сырбай тыныш отыра алмады. «Мұның астарында бір құпия бар. Қыз бекерге мұндай хат қалдырмайды. Үлкендер байқамаған ғой» деп ұзақонар ойға шомды. Ол қыздың үйегіне түскен үш әйелмен жеке-жеке сөйлесіп көрді. «Қыздың денесі тап-таза еді. Зор-

үйренер екенсің, момын қазағым! Өз үйіңде жүріп таланған құлыныңды құтқаруға шамаң келмеген сендерге не деуге болады? «Қалай дегенде қыздың бір белгі бермеуі мүмкін емес. Соны аңғармаған үлкендерді қалай жазғырсам екен?» деп Сырбай түні бойы ұйықтамай шықты.

Ертесіне ол ауылды аралап жүріп қарындасының жанында жиі жүретін жігіттер туралы сұрады. Сұлу қызға сұқтанушы көп. Бірі сыныптасының атын атаса, бірі әскерден келген жігітті жиі қыз жанынан байқайтынын айтты. Салы суға кеткен Сырбай іздестіру амалдарын қарындасының қыркына келгенде жалғамақ болып, қалаға қайтты. Қалтасындағы қарындасынан қалған қағаз тұла бойын мұздай қарып келе жатты.

Текей датқа асуына көтерілгенде қалта телефоны безілдеп қоя берді. Күлән екен.

– Үйге қайттың ба? Балалар сені сағынып жүр, – деді келіншегі аман-дығын білдірген соң.

Сырбай мырс етіп күлді. «Балалардан бұрын өзің сағынып жүрме». Көптен көңіл аспанын қою бұлт торлап алғандықтан еңсесін тіктей алмай-ақ қойып еді. Аға үйінде иығын жаншып жатып алған салмақтан арылған соң ба әлде даланың саумал самалы сергітті ме, әйтеуір аз да болса жеңілдеп қалғандай сезінді. Көлік терезесінен дөңгеленіп қалып бара жатқан сан алуан гүлге оранған далаға қарап отырып, ой теңізіне сүңгіді. Өлден соң оқыс сілкінді. «Қап! Самалдың телефонын қарауды қалай ғана ұмытып кеткенмін» деп сан соқты.

қалмай ма? Көңілі қобалжудан арылмай келе жатқан Сырбай батпырауық жайлы ойлап кетті. «Бар жұмбақтың түйіні қарындастың жазбасында тығулы жатыр. Түйінді тарқата алар ма екенмін?» деп күрсінді.

«Жасмин» мейрамханасындағы атыс кезінде қашып кеткен екеуді табу да оңай болған жоқ. Атыс кезінде мейрамханада болған адамдармен кездесті, даяшылардан суыртпақтап сыр тартып көрді. Күдіктілердің бет-әлпеттерін тану жүйелері жасанды интеллект және заманауи алгоритмдерді пайдалану арқылы жүргізілгенімен, жер екіге жарылып түсіп кеткендей зым-зия жоқ. Қашқындардың фоторобот жасаған суреттері тиісті жерлерде ілулі тұрғанымен, көрдім-білдім деген біреу болсашы. Ұсталғандар «бізден басқа ешкім жоқ» деп қасарысады.

Жеке детектив бұрын істі болғандармен байланысып көрді. Олар да сырғақтап ұстатпайды. «Байланысымыз жоқ» деп қысқа қайырады. Сырбай қонақүйлерді сүзіп шықты. Ерлан күдіктілердің суреттерін барлық қалаларға жіберіп, әріптестерінен хабар күтіп отыр.

Сырбай кәнігі із кесушілерден бөлек күдіктіні жалғыз іздеп көрмек болды. Полицияда қызмет істеп жүрген кезінде ашқан қылмыстары еске түскенде жадырай алмады, керісінше қаны басына шапты. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ». Бұл қызметтен кетерде араша бола алмағандар енді бұдан көмек күтеді. Өлде алма-кезек дүние деген осы ма екен?

Бір күні ол көше бойлап келе жат-

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау белмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz

**E-mail: zanreklama@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6408 дана**  
**Апталық таралым 12816 дана**

Тапсырыс №74 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31